

Білім беру ұйымы (балабақша / шағын орталық, мектепалды сыныбы) «Гүлдер» балабақшасы

Топ: «Қызғалдақ» ересек топ

Балалардың жасы: 4 жастан

Жоспардың құрылу кезеңі: **02.10 - 06.10.2023ж.**

Педагогтың аты-жөні: Саулебаева Г., Жаркова Ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ұйымдастырылған іс-әрекетке әр баланың дайындығы және оларға керекті заттар туралы ата-аналармен әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Кітап бұрышындағы еңбек". (кітаптарды қалпына келтіру). Мақсат-міндеттері: балаларға жөндеуді қажет ететін кітаптарды таңдауды және оларды мұқият желімдеуді үйрету (желім мен қайшыны дұрыс пайдалану, майлықтарды пайдалану). Кітаптарға ұқыпты қарауға, жұмыс істеуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Біздің шкафта тәртіп бар". Мақсат-міндеттері: балаларға сыртқы киімге арналған шкафта заттарды бүктеу кезінде ұқыптылыққа үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Асхана бойынша кезекшілік". Мақсат-міндеттері: балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстелді жабдығының ретсіздігін көру. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттері: еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні іліп қою және ұқыптылықты үйрену. Еңбекке баулу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері: балаларды жеке киім шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету, шкафты киім мен аяқ киімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді орнына мұқият бүктеу. Еңбекқорлыққа, тәртіп сақтауға дағдыландыру. Ұжымда тату-тәтті еңбек студі үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) Үстел үсті ойыны. "Лото. "Ұл мен қыздың киімдері". Мақсат-міндеттері.	Саусақ жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті, Ине қолға ілікті.	"Сақина" ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды зеректікке, ептілікке, шапшаңдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Бастаушы шеңбер ішіне, ал балалар шеңберді айнала тұрады. Алақанында сақина бар, оны екі қолды біріктіріп, кезек-кезек	"Менің жанұям" фотосуреттерді қарастыру. Мақсат-міндеттері. Байланыстырып сөйлеу қабілетін жетілдіру, сөздік қорын молайту; туыстарға сүйіспеншілікті арттыру. Фотосуретте бейнеленген отбасы жайлы әңгімелеу,	"Ұй құрастырамыз" құрастыру ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін, ойлау, елестету қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; отбасына сүйіспеншілігін дамыту. Балалар құрылыс материалдарынан әртүрлі үйлерді құрастырады.

	Балалардың зейіндерін тұрақтандыру, логикалық ойлау қабілетін дамыту; заттарды топтастыруға дағдыландыру; байқампаздыққа тәрбиелеу. - Кімге не қажет? Қыз бен ұлға киім таңдау. "Қатарға тұрып билейік" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды жаттығу барысында ырғаққа сай қозғалып, сөздерді бірге айта жүріп, айтылған дене мүшелерін қозғауға машықтандыру; қабылдау, зеректік қабілеттерін, вестибуляр аппаратын дамыту. Жаттығуды көңілді әуенжазбасын қосып өткізуге болады. Қатарға тұрып билейік, Дене мүшелерін көрсетейік: Басты оңға және солға бұрып, Қос иықты көтерейік. Қатарға тұрып билейік, Дене мүшелерін көрсетейік: Жоғары қол көтеріп, Бұлғап төмен түсірейік. Қатарға тұрып билейік, Дене мүшелерін көрсетейік: Аяқты кезек көтеріп, Маршпен шапалақтап жүрейік. Д. Ахметова. "Құрылыс ойындары "Жануарларға арналған балабақша", "Қуыршақтарға арналған үй". (сөйлеуді дамыту,	Үш саусағым орамды, Жүгіртеді қаламды. Өнерлі екен он саусақ! Қала салсақ, жол салсақ. "Қайда барсаң, соны табасың" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері: балаларды кеңістікті бағдарлауға баулу. Педагог белгілі заттарды (жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, не құралдарды) ойын алаңының әртүрлі жерлеріне салады. Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек. Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға бұрылып екі қадам, оңға тағы екі қадам. Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, құрастыру)	балалардың алақанын ашып, байқатпай балалардың біріне беруге тырысады. Балалар бастаушының әрекетін және достарын мұқият бақылайды. Сақинаға ие болған бала басқаларға білдірмеу керек. Белгі бойынша бастаушы: "Сақина, сақина, қане шықшы ортаға!" – дегенде сақина ұстаған бала шеңбер ортасына жүгіріп шығады да, бастаушы болады. Егер ойыншылар белгі бергенге дейін балалардың бірінен сақинаны байқап қалса, оны шеңбер ортасына жібермейді. Ондай жағдайда ойынды сол бастаушы қайта жалғастырады. Көркемсөзді жаттау жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Тақпақтың мазмұнын есте сақтап, мәнерлеп оқуға дағдыландыру; көркемсөзге қызығушылықты арттыру. <i>Б. Кірісбаев "Бақшада"</i>. Көңілді бар бала, Бақшаға, баққа енсек. Ойнаймыз аулада, Төбеміз әткеншек. Шешеміз жұмбақ та, Жаңылтпапаш айтамыз. Кешкілік үй жаққа Үлкейіп қайтамыз. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?" Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын жетілдіру. Біз көмекші болып жүреміз, (бас бармақтарды көрсету) Жеңімізді кезекпен түреміз. (жеңді түруді көрсету) Қолға табақшаны алып, (саусақтарды созып, екі алақанды, айқастыра, бірі-біріне уқалау) Уқалап, жуып береміз. Кесе екі қос алақандай, (саусақтарды қосып, бірыңғай бүгіп, екі қолды қырынан қосып "тербету") Шұңғыл алтын айдай. Қолға кесені алып, (жұдырықтармен, қолдарды алмастырып, алақан ортасына басып айналдыру) Айналдырып жуып береміз. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, сурет салу)	Құралдары: құрылыс материалдары жинақтамасы: текшелер, кірпіштер, білеулер, призмалар. "Лего" немесе ағаш құрастырғыш ойыншықтары. "Қандай көлік қайда жүреді?" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың көліктер туралы ұғымдарын пысықтау, қызығушылығын арттыру; зеректікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдары: жүк мәшинесі, кеме, пойыз, велосипед, автобус, ұшақ, жеңіл мәшине және тағы басқа. Балаларға суреттер көрсетіледі: - Балалар, көрсетілген суретке қарап, көліктердің қайда жүретінін қимылмен көрсетейік. Жерде жүрсе, аяқтарымызды топылдатамыз. Суда жүзсе, қолымызбен суда жүзгендей қимылдар жасаймыз. Аспанда ұшса, қолдарымызды қанат сияқты сермейміз. Ойынды екі топқа бөлініп, ойнауға болады. (құрастыру, сөйлеуді дамыту, математика негіздері, сурет салу)
--	--	---	---	--	---

	математика негіздері)				
Ертеңгілік жаттығу	1. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол төменде. 1.1. Балалар қолдарын алдарына созып, алақандарын ашып-жұмады. 1.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5-6 рет қайталанады). 2. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене тік, қол көкірек тұсында. 2.1. Оң аяқтарын артқа қойып, екі қолдарын да артқа созады. 2.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 4 рет қайталанады). 3. Бастапқы қалып: аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 3.1. Орындарында тұрып, бастарын оңға бұрады. 3.2. Бастапқы қалып (дәл осы жаттығу сол жаққа қайталанады және 5 рет қайталанады). 4. Бастапқы қалып: аяқ арасы алшақ, дене бос, қол көкірек тұсында. 4.1. Қолдарын жандарына созады. 4.2. Бастапқы қалып (жаттығу 6 рет қайталанады). 5. Бастапқы қалып: екі аяқ бірге, дене бос, қол төменде. 5.1. Қолдарын жандарында ұстап, бір орында тұрып, пингвин сияқты айналу. 5.2. Бастапқы қалып (жаттығу 5 рет қайталанады). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Таңғы ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық пен шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық сақтау). Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Дайын қасық, дәмді ас. Еш нәрсені қалдырмас. Балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану барысында тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта тұзу отырмаса, педагог оған орындықта дұрыс отыру керектігін айтады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	«Қылқалам ханшасы». Жер-Ана, саған мың алғыс, Сыйлайсың бізге қуаныш. Жазда, күзде, қыста да, Көркемсің көктем тұста да! Шеңберге тұрады, бір-біріне жылы сөздер айтады. ҚР Президенті, ҚР Рәміздері жайлы әңгімелесу. ҚР Әнұранын шырқау. (сөйлеуді дамыту)	«Тілек тілеу». Барлығымыз табиғатты сүйеміз, Үлкендердің сөзін ойға түйеміз. Денсаулықты әрқашан да сақтаймыз, Бейбіт өмір баршамызға тілейміз! (Шеңбер құрып, қайталайды). Күз ерекшеліктері жайлы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Сәлем саған, ыстық жерім! Сәлем саған, туыс елім! Ыстық маған ошақ үйім, Домбыраның қоңыр күйі! Бір-біріне жылулық сыйлап, достық туралы, топтың ережесі туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Қайырлы таң, Алтын күн! Қайырлы таң, Жер-Ана. Аман болсын, достарым, Аман болсын, ата-анам. Алтын күз туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Күн жылуын аямасын, Шуағымен аяласын. Достық деген бәйтеректі, Барлық бала саяласын. Жапырақтар туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым	Дене шынықтыру	Қазақ тілі	Дене шынықтыру	Музыка	Дене шынықтыру

кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	"Күздің қызықтары". Мақсат-міндеттері. Балаларға жүруді секірумен кезектестіруді үйрету; басқа қап қойып, заттарды аттап өтуді үйрету.	"Күз мезгілі. Алтын күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың "күз" жайлы түсініктерін дамыту; "алтын күз" сөзінің мағынасын түсіндіру; "Кім? Не?" сұрақтарына жауап беретін зат есімдер, "Не істейді?" сұрақтарына жауап беретін етістікті сөздер жайлы негізгі түсініктерін қалыптастыру. Мнемокарточкаларға негізделген сөздік жұмыс. Музыка "Ару күз" Мақсат-міндеттер. Балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сипатын ажырата білуге үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін жетілдіру.	"Күзгі жолдар үстіндегі ойындар". Мақсат-міндеттері. Балаларды кішкентай және үлкен қадаммен жүгіру; көлденең тақтайда еңбектеуді үйрету.	"Күз". Мақсат-міндеттері. Балаларды күз туралы әнді тыңдай отырып, оның сын-сипатын ажыратуды үйрету; әннің сөздік мағынасын түсініп, бірге айта білу қабілетін қалыптастыру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын жасай білу дағдысын жетілдіру; дыбысты есту қабілетін арттыру.	"Еңкіс тақтайдың үстімен жүрелеп жүру". Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта дене қалпын тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауды үйрету.
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеу, орнына ілу, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киінуді (шешіне) дағдыға енгізу; - шкафқа ілінген немесе қойылған бас киім, сырт киім, аяқ киім сияқты заттарды өз орындарына ғана қою, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінуге үйрету, киімді, аяқ киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсетуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Күн - жылу мен жарық көзі.	Желді бақылау.	Суды бақылау. (қоршаған	Мысықты бақылау. (қоршаған	Аспанды бақылау. (қоршаған

	(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: күн - жылу мен жарық көзі екені жайлы түсініктерін пысықтау; талқылау, дәлелдеу біліктерін дамыту; табиғатты аялауға тәрбиелеу. Зерттеу. Күнге қарау. Сұрақтарға жауап беру. - Күнге қарағанда өзіңді қалай сезінесің? - Күнге тура қарай аламыз ба, көзімізге зиянын тигізбей ме? Педагог балаларға екі тасты алып, біреуін күннің көзіне, екіншісін көлеңкеге, яғни, жан-жағын жауып, қараңғы жерге қоюды сұрайды. Біраз уақыт өткенде балалар күн көзінде тұрған тас көлеңкеде тұрған тасқа қарағанда қызып, жылынғанына көз жеткізеді. Күн көзінде тұрған заттың қызатыны туралы қорытынды жасау. Еңбек тапсырмалары: кіші топ балаларына ойын аумақтарын жинауға көмектесу. Мақсат-міндеттері. Жасы кішіге көмектесуге ұмтылуды үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Ақсүйек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын ережесіне сай ойнауға машықтандыру;	(қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың желдің қасиеттерін тануға деген қызығушылықтарын арттыру; бақылау нәтижесінде желге ауызша сипаттама беруге, іс-тәжірибелер жасауға дағдыландыру. "Түтікшемен үрлеп, таспаны (лента) желбіретейік" жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Педагог әрбір баланың алдына түтікше мен таспаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) береді. - Балалар, қазір біз түтікшеден желді үрлеп шығарамыз. - Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер қатты үрлеп, таспаны қатты желбіретесіңдер. - Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу соққан желді білдіресіңдер. Еңбек әрекеті: ойын алаңына ағаштардан құрап түскен ұсақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Аула сыпырушыға көмек көрсету, өзгелердің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене	ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері: балаларды сумен ұқыпты жұмыс істеуді дағдыландыру; судың қасиеттері жайлы түсініктерін нақтылау; судың табиғи сұйық зат екеніне көз жеткізу; ұқыптылыққа тәрбиелеу. Бақылау барысы. Судың қасиеттеріне көңіл аудару. Су әртүрлі температурада болады: мұздай суық (тоңазытқыштағы мұз текшелері), жылы (қолды жуғанда) және ыстық (шәйнекте су қайнатылғанда). Су күннің көзінде ысып кетеді Ыстық күнде бассейнде су тез қызады. Тоғандағы, өзендегі, көлдегі су қызады, жазда адамдар күн көзіне қызған өзендегі суына шомылуға барады. Қыста су қар немесе мұз күйінде болуы мүмкін, қолмен ұстағанда суық екенін білеміз. "Шәйнектен қандай сұйық құйылды?" жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттердегі шәйнектерге қарап, әрқайсында шәйнектен кесеге қандай сұйық құйылып жатқанын анықтауға дағдыландыру; түстерді қабылдау, ой-қиял,	ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарлары, мысық жайлы білімдерін нақтылау, сипаттау мәтінін құрастыра білуге машықтандыру; есте сақтау қабілеттерін, байқампаздықтарын дамыту; жан-жануарларды тануға қызығушылықтарын арттыру, оларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу. Көркемсөз. Б. Соқпақбаев "Мысық". Үстінде үйдің Тұр еді мысық. Қасына келді Бір торғай ұшып. бассалмақ болып, Ыршыды мысық. Жалт берді торғай, Пыр етіп ұшып. Биіктен жерге Топ ете түсіп, Мысықтың қалды Жамбасы ісіп. Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы ұсақ қоқыстарды жинап шығару. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе	ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды аспанның ашық не бұлтты екенін анықтап; бұлттарды белгілі бейнелерге ұқсайтынын байқауға машықтандыру; ой-қиялын, зейін. бақылау қабілетін дамыту. Көркемсөз. Қ. Мырза Әли "Аспанда". Аспан малға толып кетті - Бұлттар түлік болып кетті: Бір бұлт шықты ешкі болып, Бір бұлт шықты мешке болып. Бір бұлт шықты бие болып, Бір бұлт шықты түйе болып, Бір бұлт шықты шошқа болып, Бір бұлт шықты қошқар болып.я Еңбек әрекеті: ағаштардан түскен құрғақ бұтақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Құралдарды қолдануды үйрету, еңбек біліктіліктерін дамыту. "Қу түлкі" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың ойын шарттарына сай ойнай білу, “Мен түлкімін!” белгісі бойынша қолға түспей, жалтарып, жылдам жүгіре білу қабілеттерін дамыту (қалыптастыру, жетілдіру); қимылдарды үйлестіруге, ептілікке тәрбиелеу. Балалар кішкентай шеңберге жиналады. Олар педагогтің нұсқауы бойынша көздерін жұмады, ал педагог шеңбер сыртында жүріп, кез келген баланы сәл түртіп қалады. Осыдан кейін педагог таңдаған бала "қу түлкі" болып саналады. Ал ойыншы балалар болса, жан-жақтарына қарап: "Қу түлкі, сен қайдасың?" - деп үш рет
--	---	--	--	---	---

	зеректікке, қырағылыққа, дәлдікке дағдыландыру; шыдамдылыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушы балалар бір қатарға тұрады. Тәрбиеші ақсүйекті қолына алып, балалардың ту сыртына шығады да, оны алысқа лақтырады. Балалар ақсүйектің лақтырылған бағытын көрмеуі керек. "Ақсүйек" жерге түскеннен кейін тәрбиеші балаларға: "Ал, балалар, ақсүйекті іздеңдер, кім тез табар екен?" - деп айтады. Ойынның шарты бойынша ақсүйекті тауып алған бала басқаларға білдірмей, тәрбиешіге оны тез әкеліп беруі керек. Егер балалардың бірі байқап қалса, ақсүйекті тауып алған баланы қуып жетіп, денесіне қолын тигізуі керек. Сонда ақсүйек өзіне беріледі. Ақсүйекті ешкімге жеткізбей тәрбиешіге табыс еткен бала жеңімпаз атанады. Жабдығы: ақсүйек (ойыншық). "Өрт сөндірушілер оқуда" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Қабырғаға өрмелеу біліктіліктерін бекіту; зейіндерін дамыту. Өз бетінше еркін ойын әрекеті, алаңға шығарылған материалмен ойындар. "Шеңберді дәлде". Мақсат-міндеттері.	шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңберде ойын ережесіне сақтап, бірігіп ойнауға ынталандыру; белгі бойынша бір адамдай шеңбер бойымен біресе бір, біресе екінші жаққа жүріп, содан соң жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Әткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырады, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды	сөйлеу қабілеттерін дамыту. - Балалар, шайды сұйықтыққа жатқызамыз. Шайнектен шай сұйығы ғана құйылмайды, сол сұйықтарды қалай білетіндеріңді көрейік. Педагог балаларға шайнектен қандай сұйықтың құйылғаны туралы сұрайды. Құралдары: бірнеше бір-біріне ұқсас суреттер: бірінен су құйылып жатыр, екіншісінен - сүт, үшіншісінен - кофе, төртіншісінен - кара шай, бесіншісінен - лимонад. Жаттығуды шынайы түрде іс-тәжірибеде көрсетуге болады. Сонда құралдар ретінде стақандарға құйылған: шай, кофе, лимонад, сүт, су қолданылады. "Ақ серек, көк серек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша ойнауға, мұқият және белсенді болуға; батылдыққа, жылдамдыққа, жылдам жүгіруге баулу; балалардың тіл байлығын жетілдіру, достық қарым-қатынастарын дамыту. Ойын ашық алаңда өткізіледі. Ойынға қатысушылар екі топқа бөлінеді. Аралығы 30-40 метрдей жерге бір-біріне қарама-қарсы орналасады. Қаз-қатар қол ұстасып, барлығы тізіліп	санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасап жүріп сөздерді айтады: Көркемсөз. Нағима Арынова "Мысығым". Тікірейіп құлағы, Менен бұрын тұрады. Бойын жазып керіліп, Беті-қолын жуады. Қасымнан бір қалдмайды, Көзін қысып алдайды. Ойнатсам да күнімен, Ойыны бір қанбайды. Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қажет болса, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, олар қолдарын біресе жоғары көтеріп, біресе төмен түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұрады. "Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады. "Кім қапшықты алысқа лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру.	сұрайды. Соңғы сұрақтан кейін бұдан бері жасырынып тұрған "қу түлкі": "Мен мындамын!" - деп дауыстайды. Осы жерден бастап балалар "қу түлкіден" жан-жаққа қашып құтылу керек. "Қу түлкі" кімге қолын тигізсе, сол шетке шығады. "Үш табан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды мергендікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, ептілікке тәрбиелеу; асықты қолда еркін ұстап, ойын алаңында белгілі қимылдарды жасауға дағдыландыру. Ойынға үш-төрт бала қатыса алады. Ойынды алаңның бірнеше жерінде балалардың бірнеше тобына ұйымдастыруға болады. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен ойын ойнау. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту,)
--	--	--	--	---	---

	Нысанаға дәлдеп тигізуді жаттықтыру.	жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.	тұрады. Жеребе бойынша ойынды бастаған топтың балалары әндете өлең айтады. "Ақ серек, көк серек, Бізден сізге кім керек?" Екінші топтағылар ойыншының атын атайды. Сол кезде аты аталған бала өз тобынан шығып, екпіндей жүгіріп келеді де, қарсы топтың тізбегін үзіп кетуге тырысады. Егер үзіп кетсе, бір баланы жетелеп апарып, өз тобына қосады. Үзе алмаса, өзі сол топта қалады. Ескерту: педагог ойын ойнау алдында қауіпсіздік ережелерін қайталап, нұсқау беруі тиіс. "Жыланша" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Бастаушының және бір-бірінің соңынан бағыттарды өзгертіп, тізбекті үзбей, арақашықты сақтап, жүгіре білу қабілетін жетілдіру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.	Еркін ойындар: далаға шығарылған материалдармен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, секіртпеден секіру.	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аудару; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Түскі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Күз туралы тапқыты құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымдарында тапқы пен өлең туралы негізгі түсініктерді қалыптастыру, көркемсөз үлгісінің қара сөзден айырмашылығын түсіндіру; "күз мезгілі" ұғымына жататын табиғаттағы өзгерістер мен құбылыстарды пысықтау. Жаттамақ жаттығуы. "Күз суық, сары көйлекті". Сюжетті-рөлдік ойын. «Шаштараз». Мақсат-міндеттері. Балаларды шаштараз ойынымен таныстыра отырып, өз шаштарын үнемі тарап, әдеміленіп жүруді үйрету. Шаш өрудің әртүрлі үлгісін көрсету. Әсемдікке, әдемілікке баулу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет, қазақ тілі)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Күзгі саябақтағы жапырақтардың түсуі". Мақсат-міндеттері. Балаларды жапырақ пішінін қою бояумен бояу және қағаз бетіне бедерін басу техникасымен таныстыру; жапырақтың бетін күздің ашық бояуларына араластырып бояп, қағаз бетіне басып, жапырақтың нақтылы ізін қалдыруға дағдыландыру. Дамытушы жаттығу. "Бұл қандай ағаштың жапырағы?" (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, сурет салу) Мақсат-міндеттері. Ағаштардың атауларын жапырақтарына қарап табуды үйрету. Зейін, еске сақтау, сөйлеуді дамыту. "Жүгіріп қағып ал" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Қимыл жылдамдығын дамыту. Допты екі қолмен қағып алу дағдысын бекіту. Балалар ойын алаңында еркін тұрады. Тәрбиеші	Математика негіздерінен ойын-жаттығу. "Күзгі жапырақтар шоқтары". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында заттардың бірден төртке дейінгі сандарға сәйкес жиындары туралы түсініктерін қалыптастыру. Дамытушы жаттығу. "Күзгі бояу". Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы күзгі түстерді атауды, бір-бірінен ажыратуды үйрету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Дидактикалық ойын. "Басқаша айт". Мақсат-міндеттері. Жалпылауыш сөздерді бекіту (педагог балаға допты лақтырып, заттардың жалпы атауын атайды. Бала допты кері лақтырады және түр ұғымын атайды: ойыншық-қуыршақ, жиһаз-үстел). Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Алтын жапырақ". Мақсат-міндеттері. Балаларды күз маусымының өзгерістерімен таныстыру.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Алтын күз". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Алтын күз" өлеңінің мазмұнымен таныстыру, тапқыты мұқият тындауды үйрету. Театрды сахналау. "Қызыл телпек" ертегі желісін маскамен сахналау. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Саңырауқұлақтар". Мақсат-міндеттері. Екі бөлшектен тұратын заттарды, оларға тән пішіндерін бере отырып, сомдау біліктерін нығайту; жұмыс кезінде қырнауышты дұрыс пайдалануды үйрету.	Құрастырудан ойын-жаттығу "Саңырауқұлақтар әлеміне саяхат". Мақсат-міндеттері. Балаларды жасымықтан саңырауқұлақтың қалпақшасын, қарақұмықтан саңырауқұлақтың түбірін, құрмадан саңырауқұлақтың сабағын құрастыруды үйрету. Вариативті компонент. Құрастыру "Күзгі ағаштар". Мақсат-міндеттері. Балаларды асқабақ тұқымдарын ағаш кимаүлгісінің үстіне жапсырып, күзгі ағаштардың суретін құрастыруды үйрету; балалардың құрастыру түрлерімен жұмыс істеу іскерліктерін жетілдіру; ағаш трафаретін қағаз бетіне бастырып, қайшымен қиып алу іскерліктерін дамыта отырып, қайшымен жұмыс істегенде қауіпсіздік ережелерін сақтауды үйрету. Дидактикалық ойын. "Қай ағаштың жапырағы?" Мақсат-міндеттері. Таныс ағаштардың жапырақтарын ажырату және атау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)

		үлкен әдемі доппен балаларға қарама-қарсы тұрады (қашықтығы 1,5-2 м). Тәрбиеші «Бір лақтырамын, екі лақтырамын, үш лақтырамын, кім жүйрік қағып алсын!» - деп допты лақтырады да өзі қағып алып: «Қаға алмадыңдар қайта жүгіріңдер,» - дейді. Балалар өз орындарына қайта барып тұрады. Ойын жалғасады. Ойын кезінде балалардың допты қағып алуына мүмкіндік жасап жүреді. Қалған балалар соңынан еріп жүреді. (дене шынықтыру)	Дидактикалық ойын. "Жапырақтарды түсіне қарай топта". Максат-міндеттері. Заттарды түстеріне қарай топтастыруды үйрету.		
Балалармен жеке жұмыс	«Әдемі кілемшелер». Ойынның мақсат-міндеттері: бөліктерден кілемше жасауды үйрету; қабылдау, ес, зейін үрдістерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынның құрал-жабдықтары: қағаздан жасалған кілемшелер, геометриялық пішіндер. Ойынның мазмұны: балалар геометриялық пішіндерді кілемшелердің үстіне қояды да, әдемі құрақ құрайды. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)	Жаңылтпаш жаттайық. 1) Доп деп, Дөп теп. 2) Қапыда ит қапты, Қатты қапты, Қапты қатты. 3) Қыркада қырық арқар бар. Қырық арқарда ақ арқар бар. Алты арқарда марка арқар бар. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Кел, жазайық. Максат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі. (сурет салу)	Артикуляциялық жаттығу. 1) Ара болсаң, ызыңда 3-з-з, ж-ж-ж, з- з-з, ж-ж-ж Жұмыс істе, тығылма. - Ара қалай дыбыстайды? (з- з-з) - қатты\жай 2) «Зе-зе-зе, зе-зе-зе – бұл шынылы терезе», «За-за-за, за-за-за – үйдің іші тап-таза», «Зу-зу-зу, зу-зу-зу – күрекпен жерді қазу», «Са-са-са, са-са-са – ызыңдайды маса. (сөйлеуді дамыту)	10-ға дейін тура және кері санауды бекіту. Геометриялық денелерді дұрыс атауды және бір-бірінен ажыратуды үйрету. (математика негіздері)
Серуенге дайындық	Балалардың дұрыс шешінуін, шкафқа киімдерін орналастыру тәртібін бақылау. Жинақылыққа тәрбиелеу. Мәдени-гигиеналық талаптарды орындауларын қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуен	Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Алтын күз" тақырыбында жеке әңгімелесулер. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				

Кешкі ас	Тамақтану кезінде тазалық сақтау. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Театрландырылған қойылым. "Алма" ертегісі Мақсат-міндеттері. Балалардың жадында ертегі мазмұнын қайта жаңғырту, еске сақтау, ойлау, эмоциялық, ым-ишаралық, коммуникативтік қабілеттерін дамыту. Керекті құрал-жабдықтар. Алма пішіні, костюмдер, ертегі кейіпкерлерінің бетперделері (қоян, қарға, аю, кірпі). Барысы. Педагог балаларға "Алма" ертегісінің мазмұнын қайталатады. Балалар кейіпкерлерді өз қалауы бойынша таңдайды, кейін кейіпкерлердің костюмдерін киіп, әрқайсы өз орындарына барады. Басында автор рөлін педагог алады. Қойылым соңында педагог кейіпкерлерді бөлек қатарға тұрғызады, көрермендерге кім ненің рөлін ойнағанын таныстырады. Әртис-балалар көрермендерге құрмет білдіріп, бас иеді де, қошеметпен мақтауға бөленеді. Соңында педагог балалардан шығарманың осылай аяқталғанына не себеп болғанын анықтайды, кейіпкерлердің әрекетін қысқаша талдап береді. Музыкалық аспаптармен ойындар. "Күз" тақырыбында әңгімелер үйрету. (музыка) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Өнер бұрышында "күз" тақырыбында мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Еркін ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Жеке бас гигиенасының басты ережелері», «Достарымыздың арасында өзімізді қалай ұстау керекпіз?» тақырыптарында әңгіме жүргізу.	«Отбасымен серуендеу» атты тақырыпта көрме ұйымдастыру.	Жоба: "Жомарт күз" атты тақырыпта көрме ұйымдастыру.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	"Баланың серуенін қалай ұйымдастырамыз" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.

09.10 - 13.10.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Кейбір күндері бала ауырып қалғандықтан балабақшаға келмей қалса, ата-анасы балабақша қызметкерлеріне ескертіп айтуы керектігін түсіндіру. «Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Бөлме өсімдіктерін бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың ұғымында	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуді, бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету:	"Табиғат бұрышы" Табиғат бұрышындағы кезекшілік күнін балалар тірі объектілер үшін жауапкершілік сезінетіндей етіп ұйымдастыру керек.	Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуді үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбек етуді үйрету. "Бөлме өсімдіктерін суғару".	"Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық". Мақсат-міндеттері. Кезекшінің міндеттерін өз бетінше және адал орындау: тәрбиеші дайындаған материалдар мен оқу құралдарын

басқалар)	жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсініктерді бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	оларды дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, барлық адамның жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	Балалар таңертең барлық жұмысты жасаса (балықтарға корек беру, гүлдерді суару, торды тазарту және тағы басқа), кейін оларға тіршілік иелері мен өсімдіктерге назар аударудың қажеті болмай қалады, сондықтан педагог балаларға күні бойы атқаратын жұмысты реттеге көмектескені дұрыс: балықты таңертең қоректендіруге, ал өсімдіктерді кейінірек суаруға болады. Педагог балалардың түсінігінде өздері жасаған жұмыстың ұжым үшін маңыздылығы туралы түсінік қалыптастырады, айналасындағыларға қамқорлық көрсете отырып, өз жұмысын уақытында істеуге ұмтылысты дамытады. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымында өсімдіктерге жарық пен ылғалдың қажеттілігі туралы білімдерін кеңейту, ылғалды сүйетін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді және көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Сумен және өсімдіктермен жұмыс кезінде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту. Табиғатқа ұқыпты қарауды, оған қамқорлық танытуға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	үстелдерге қою, кейін орнына жинау (қажетіне қарай). (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі және қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту.	"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланы бірнеше бөліктерден тұратын тұтас суретті құрастыруды үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспей, кім өз суретін жылдам құрастырып, дұрыс атаған бала жеңімпаз болады.	"Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көгөністер). Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көгөністердің	"Өрнекті құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Зейін, қабылдау, ойлау қабілетін, қолдың ұсақ моторикасын дамыту, түстер жайлы білімдерін бекіту, шығармашылық қиялдарын дамыту. (танымдық дағдылар) "Сипаттамасы берілген ғимаратты тауып ал" зейінге жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балалардың зейінін, қабылдау, ойлау қабілеттерін дамыту.	Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап». Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруды үйрету. Тілдерін дамыту. Құстардың атауын атап, оларға ауызша сипаттама беруді үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Саусақ ойындары. Бас бармақтай балақай, (бас бармақты ұстап) Қайда болдың? Мынау үлкен ініммен (сұқ

	Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырып жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыздар мен ұлдардың киімдері). (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) "Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. Мысалы. Ат - шапқылайды, жүреді, жортады, желиді, секіреді. Құрт - жорғалайды, жатады. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығын қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады, жорғалайды. Бүркіт - ұшады, қалқиды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді,	Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар). (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар) "Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғарыға көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдармен бұлау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды төменнен жоғары көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды жоғары көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды	кескіндері. - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш). - Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көгөністерді атайды.) - Оларды бір сөзбен қалай атаймыз? (Жемістер, көгөністер.) - Суреттегі көгөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту) Пазл жинау ойыны. Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ моторикасы мен қимыл-қозғалыс үйлесімділігін дамыту, тапсырманы жан-жақты қырынан көру қабілетін жаттықтыру, логикалық ойлауды дамыту, табандылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) "Қара да, қайтала" ойын жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Көру арқылы қабылдауын, қиялдарын дамыту, кеңістіктегі, жазықтықтағы геометриялық пішіндер жайлы білімдерін бекіту. Құралдары: геометриялық пішіндер жинақтамалары, шаршы пішінді парақтар.	Құралдары: түрлі түсті және биіктігі әртүрлі үйлердің суреттері. Педагог суреттерді тізіп қояды, біреуіне ауызша сипаттама береді, балалар сипаттамасы берілген үйді табуға тырысады. Дұрыс тапқан бала сол суретке өзі тағы бір рет сипаттама береді. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту) Көркемсөзді мәнерлеп айту (жаттау) жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Жылдың төрт мезгілінің ретін білуге дағдыландыру; еске сақтау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. "Төрт досым". Төрт досым жанымнан өткен: Жаз, күз, қыс және көктем. Ұмытпаймын не бүгін, не ертең: "Жаз, күз, қыс және көктем". Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту)	саусағын ашады) Орманда болдым бүгін мен. Ал мына бір ініммен (ортаңғы саусағын ашады) Ас пісірдім бүгін мен. Одан кейінгі ініммен (аты жоқ саусағын ашады) Ботқа жедім мен енді. Ал мына ініммен (шынашағын ашады) Айттым ән мен өлеңді. (сөйлеуді дамыту) Еркін ойындар. Мақсат-міндеттері. Балаларға ересек адамның көмегімен ойын үшін ыңғайлы орынды таңдау, ойын ортасын ұйымдастыру қабілетін қалыптастыру. (құрастыру, сөйлеуді дамыту, жапсыру, дене шынықтыру)
--	--	---	---	--	--

	билейді, еңкейеді, шалқаяды. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	жан-жақтан жоғары көтеру) Д. Ахметова. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	(сөйлеуді дамыту, математика негіздері)		
Ертеңгілік жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1- таяқшаны алға созу. 2- оң қолды төмен түсіру, сол қолдағы таяқшаны тік ұстау, жоғары көтеру. 3- таяқшаны алдыға созып ұстау. 4- сол қолды төмен түсіру, таяқшаны оң қолға ауыстыру, таяқшаны жоғары көтеру. 5- таяқшаны алдыға созып ұстау. 6- бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. 1-2 алға иілу, қолды еденге тигізу. 3-4 бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1- оң аяқпен таяқшадан аттау, алға бір адым жасау. 2 -сол аяқты оның қасына алып келу. 3- оң аяқпен таяқшадан аттау, артқа бір адым жасау. 4- сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырыңға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру. 2- оңға иілу. 3- түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру. 4- бастапқы қалып. Барлығын сол жағымен орындау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолдарын жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Тамақ ішіп отырғанда сөйлемей. Тамақтанғаннан кейін беті-қолды жуу. Жуынсаң сен әрдайым, Таза бетің, маңдайың, Тазалықтың досы, Су дегенің осы. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс- әрекетке дайындық	Көркемсөз. Тұманбай Молдағалиев «Жаңбыр». Жаңбыр кеп жауады, Тамшылар тамады. Тырс-тырс! Шаң-тозаң шайылды, Шатырлар шайынды. Тырс-тырс! Көшелер тазарды,	О, керемет, қандай тамаша! Таң атты ғой бүгін басқаша! Жаңаша көңіл күймен қарайық! Достарымызға жылулық сыйлайық! Жомарт күз тақырыбында	Қайырлы күн, шуақты күн! Қайырлы күн, көк аспан! Қайырлы күн, достарым! Қайырлы күн, балабақшам! Жемістер туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	«Қайырлы таң!» Қайырлы таң, құсқа да, аңға да, Қайырлы таң, жайдары жанға да. Қайырлы таң алға ассын, Кешке дейін жалғассын! Көгөністер туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты! Күлімдеп күн шықты , Жадырап нұр төкті. Қайырлы күн, достарым! Күз сыйы тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)

	Кір үйлер ағарды. Тырс-тырс! Қалалар түледі, Балалар күледі. Тырс-тырс! Жаңартып ауаны, Жаңбыр кеп жауады. Тырс-тырс! Жаңбыр туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)			
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Тақтайдың үстімен қалай жүреміз?" Мақсат-міндеттері. Балаларға екі аяқпен секіру (2–3 рет жүрумен кезектестіре отырып, 10 рет секіру); оң және сол қолымен көлденең нысанаға (2–2,5 м қашықтықтан) допты лақтыруды үйрету. Жапсырудан ойын-жаттығу "Бұтақтағы алмалар". Мақсат-міндеттері. Балаларға алма мен жапырақ дайындамаларын қағаз бетіне жапсыруды үйрету.	Қазақ тілі "Көгөністер мен жемістерді жинаймыз Геометриялық пішіндер". Мақсат-міндеттері. Балалардың "күзгі астық", "қысқы дайындық" туралы түсініктерін қалыптастыру; жемістер мен көгөністерді ерекшеліктері бойынша топтастыру туралы білімдерін пысықтау. Сөздік жұмысқа арналған интеллектуалды карта "Жемістер мен көгөністер". Суретті-карточкалардың қолданылуымен лого ырғақ "Жемістер-көгөністер". Музыка "Күзге ән арнайық". Мақсат-міндеттері: балалардың музыканы тыңдай білуге қызығушылықтарын арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету.	Дене шынықтыру "Гимнастикалық қабырғаға өрмелейміз!" Мақсат-міндеттері. Балаларға сапта бір-бірден жүгіруді; гимнастикалық қабырғаға жоғары-төмен кезектескен қадаммен өрмелеуді үйрету. Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістің бірнеше түрімен таныстыра отырып, оларды өсіру тәсілдері туралы түсініктерін кеңейту.	Музыка "Жомарт күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдай білу қабілетін арттыру; әнді тыңдай отырып, сын-сипатын ажыратуды үйрету.	Дене шынықтыру "Допты қақпаға дәлдеп домалату". Мақсат-міндеттері. Балаларды сапта денесін тік ұстап, педагогтің белгі беруі бойынша "Тіктел!", "Түзел!", "Тік тұр!" сөздерімен қимылдарды бұлжытпай орындауға жаттықтыру.

2- таңгы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркемсөзді қайталау)				
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауды үйрету; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бөтенкесін ретпен киюін қадағалау. Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Бақылау: табиғаттағы күзгі өзгерістерді бақылау жұмысын жалғастыру. Бұлттар сұр түсті болатынына назар аударту. Тірі және өлі табиғат арасындағы өзгерістерді байқату: күннің суытуы, құстардың ұшып кетуі. Табиғат туралы түсініктерін әрі қарай дамыту. Қимылды ойын. «Ұшақтар». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Дабыл бойынша қимыл жасау, алаң ішінде іс-қимылдарды орындауды бекіту. Көңілді ойнауға шақыру. Еңбек: құрғақ жапырақтарды жинау, гүлзардағы гүлдердің тұқымын жинастыру. (еңбек дағдылары) Үлкен адамдардың	Жаңбырды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Табиғаттағы маусымдық өзгерістер туралы балалардың білімін толықтыру. Бақылау барысы. Күзгі жаңбыр жазғы жаңбырға мүлдем ұқсамайды. Күзгі жауын-шашын суық болады. Кішкентай тамшылар жерге түсе бастаса, екі, үш күн тоқтамай жауып тұруы мүмкін. Күзгі жаңбыр жиі және тоқтаусыз жауады. Аяқтың асты балшық, аспан тұнжыраған, дала сұрланып, суық жаңбыр жауады. Күздегі жаңбырдан соң қыс келіп, ақ қар жауады. Адамдар жаңбырда күртеше, пәлте мен етік киіп жүреді. Құстар да жауын-шашыннан жасырынып, қауырсындарын сулағысы келмейді. Жаңбыр ұзаққа созыла ма? Ол қандай көңіл күйді тудырады? Табиғат	"Қылқан жапырақты ағаштарды бақылау (шырша, қарағай). (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Жұмбақ. Қысы-жазы бір түсте. (Шырша.) Бақылау: балабақша алаңында өсетін қылқанжапырақты ағаштарды танып білу (2 түрі, қылқан жапырақты қарағай және шырша). Сыртқы бейнелеріне қарап: қарағай – ұзын инелер, шыршаларға қарағанда ашық түсті; шырша – инелері қысқа және онша ашық түсті емес. Табиғатқа сүйіспеншілігін арттыру. Қимылды ойын. «Бос орын». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Жүгіру, жүру, секіру сияқты жаттығуларды бекіту, түрлі қимыл-қозғалыстарын үйлесімді орындау. Еңбек: құстарды тамақтандыру (еңбек дағдылары) Табиғат бұрышының мекендеушілерін тамақтандыру.	Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін ретімен киюді, түймелерін дұрыс түймелеуді қадағалау, бір-біріне көмектесуді үйрету. Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақал-мәтел. Еңбексіз өмір – сөнген көмір. Бақылау: аула сыпырушының еңбек ету барысын бақылау. Еңбек нәтижесін атап көрсету (таза жолдар, бау-бақшаларды түскен жапырақтардан тазалау) және оның маңыздылығын түсіндіру; еңбек құралдарын атап беру (сыпырғыш, қалақ, күрек, қоқыс жәшігі). Аула сыпырушы еңбегін құрметтеуді үйрету, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Қимылды ойын. «Құнан шабысы» (қырғыз халқының ұлттық ойыны). (дене шынықтыру) Ойын ережесін сақтауды (белгіден соң жүру, бірін-бірі итермеу) үйрету. Жылдамдық пен күш-жігерді дамыту. Еңбек: аула сыпырушыға көмектесу. (еңбек дағдылары) Балаларды ересектерге көмектесуге үйрету. Еңбектенуге деген құштарлықтарын дамытып,	Балаларды серуенге ынталандыру, киімдерін ретімен киюді, түймелерін дұрыс түймелеуді қадағалау, бір-біріне көмектесуді үйрету. Шалшық суды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Көркемсөз. Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға бетінді жу. Тазалықтың досы, Су дегенім осы. Бақылау: жаңбырдан соң жиналатын шалшық суларға балалардың көңілін аудару. Жаздың ыстық күнінде шалшық сулардың жерге тез сіңіп, ал күзде салқын түскенде жерге сіңбей, батпақ болып жататынына мән бергізу. Тәжірибе. Суға тастар мен жаңғақтарды лақтыру. Мақсат-міндеттері. Кейбір заттардың суға батып кететінін, ал кейбірулерінің су бетінде қалқып жүретінін бақылау. Қимылды ойын. «Бір аяқпен жолдан секіру». (дене шынықтыру) Ойын алаңындағы ережені сақтай отырып, бір аяқпен алға жылжып секіруді үйрету. Еңбек.

	тапсырмаларын орындауды үйрету. Оларға көмектесу. Бастаған істі аяқтауға талпындыру. Өз бетімен ойындар. «Ұшақтар». Мақсат-міндеттері. Ұсынылған тақырып бойынша ойынға өз еркімен қатысуға тәрбиелеу. Балалардың іс-әрекетті ұйымдастыруына көмек беру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	жаңбырға қалай әсер етеді? Бұлттар мен аспан қандай көрінеді? Еңбек қызметі Ойыншықтарды жинау. Балаларда ойыншықтарды жинау және тәртіп орнату туралы түсінік қалыптастыру. (еңбек дағдылары) Ұжымдық ойындар "Бұғының үлкен үйі бар". Қимылдарды мәтінмен байланыстыру қабілетін бекіту. "Мысық" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың жүгіру дағдыларын дамыту. Өз бетімен ойындар. "Батыл балалар" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Жылдам жүгіру дағдысын жаттықтыру.	Өз бетімен ойындар. Өз бетінше ойнай білуге тәрбиелеу. (қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	тәрбиелеу. Өз бетімен ойналатын ойындар: доппен ойын. Әр балаға доппен ойнау мүмкіндігін беру. Ойын барысында еркіндік пен қуаныш сезіміне бөленуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)	«Балалармен бірге балабақша алаңын жылы сумен жууды бақылау». Еңбектің маңыздылығын сезінуді және үлкендерге көмектесуді үйрету. (еңбек дағдылары) Өз бетімен ойналатын ойындар: Гимнастикалық құралдарға өрмелеу (баспалдақ және тағы басқа). Балалардың қосалқы ойындарға қызығушылықтарын дамытып, бір-бірімен тату ойнауларын қадағалау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Үстел басында өзін дұрыс ұстай білу қабілетін бекіту; жуу ережелерін бекіту. Көркемсөз Сырттан келіп үнемі, Қолды сабындап жуамыз, Мұнтаздай тап-таза боламыз, Асқа қолды созамыз. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)				
Түскі ұйқы	«Ақымақ қасқыр» ертегісін оқу, балаларды ұйықтату. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында ортопедиялық жолдың бойымен жүру. «Қайық». Төсекте ішпен жату, қолды иекке қою, жартылай тұру, оңға-солға тербелу. «Кемпіркосақ». Төсекте арқамен жату, ауада шеңберді аяқпен сызып жасау. «Тышқандар». Массажды кілемшеде аяқтың ұшы және өкшесімен айналдыру.				

	(мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекеті)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу. "Көгөністер мен жемістер дауы әңгімесін мәнерлеп оқу. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [о], [ө] дыбыстары". Мақсат-міндеттері. Балалардың "күз сыйлары", көгөністер мен жемістер, жөніндегі ұғымдарын жетілдіру. [О], [Ө] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болуына мысалдар келтіру Артикуляциялық жаттығулар. [О], [Ө] дауысты дыбыстары. "Өз үйінді тап" қимылды ойын. Ойыншылар 3-4 кішкентай, ұзыншақ келген аласа орындықтарда отырады. Барлық балаларда әдемі үлкен ойыншықтар: бірінші тұрған ұзыншақ орындықта қуыршақ, екіншісінде - ит, үшіншісінде - мысық, төртіншісінде - аю, қоян. Тәрбиешінің «Серуенге шығамыз» деген нұсқауымен барлық балалар орындарынан тұрып тәрбиешінің соңынан жүреді. Серуен барысында балалар түрлі қозғалыс қимылын орындайды	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Алма". Мақсат-міндеттері. Балаларды "Алма" ертегісінің мазмұнымен таныстыру, ертегіні мұқият тыңдауды үйрету. Дидактикалық ойын. "Алманың бөліктерін құрастыр". Мақсат-міндеттері. Түстері әртүрлі алмалардың барлық бөліктерін тауып, алманың тұтас суретін құрастыруды үйрету. Еске сақтау, ойлау, сөйлеу тілін дамыту. Сюжетті-рөлдік ойын. «Отбасы». Мақсат-міндеттері. Отбасы мүшелерін білу, олардың отбасында атқаратын қызметін үйрету. Үлкенді сыйлауға, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Бауырмалдыққа, мейірбандыққа тәрбиелеу. Өздеріне берген рөлдерді дұрыс орындап, тату ойнауға тәрбиелеу. (көркем әдебиет, құрастыру, сөйлеуді дамыту, сурет салу)	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Кірпілерге жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды өздерінің қарсы алдындағы кеңістіктің "оң жақ", "сол жақ", "алды", "арты" бағыттары жөніндегі ұғымдарын қалыптастыру. "Қайда барсаң – соны табасың" дамытушы ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаға өзінің қарсы алдындағы кеңістіктің жақтарын тануды үйрету. Қимылды ойын "Ақ қоян". Мақсат-міндеттері. Балаларды жылдамдыққа, мықтылыққа баулу. Ойын мазмұны: балалар шеңбер жасап тұрады да, бір бала ортада қоян болып отырады. Шеңбердегі балалар қол ұстасып қоянды айнала жүріп таппақ айтады. "Ақ қоян-ау, ақ қоян! Орныңнан тұрсаңшы, Шашынды тарасаңшы, Бетінді жусаңшы, Әдемі көйлек кисеңші. Шеңбердің шетін үзсеңші." Осы кезде қоян болған бала таппақтағы айтылған қимылды түгел істеп өлең бітісімен жүгіріп барып шеңберді бұзуға тырысады. Бала шеңберді үзсе өзі шеңберге қосылып тұрады, ал үзілген жердегі оң	Сурет салудан ойын-жаттығу "Жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларға қылқалам арқылы алма мен алмұртты бейнелеуді үйрету, дөңгелек және сопақша пішіндерді қылқаламның ұшымен салып, ішін баланың өзі қалаған қызыл, жасыл немесе сары бояулармен, сұлбасының шетіне шықпай салу тәсілдерін игерту. Түсті қабылдауды дамыту "Түсті таны және ата". Мақсат-міндеттері. Түстерді атауды және бір-бірінен ажыратуды үйрету. Вариативті компонент. Математика негіздері "Көңілді саяхат" Мақсат-міндеттері. Балаларды 4 саны және цифрмен таныстыру; заттардың екі жиынтығын салыстыру негізінде 4 санының құрылуымен таныстыру; 1-3 дейінгі сандар мен цифрлар туралы білімдерін бекіту. (сурет салу, сөйлеуді дамыту, математика негіздері)	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Жапырақтар әлемі". Мақсат-міндеттері. Балаларға күз туралы ұғым беру; күзгі әлем кереметтерімен таныстыра отырып, танымдық қызығушылықтарын арттыру. "Жапырақтарды пішініне қарай топта" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Ағаштардың жапырақтарын бір-бірінен айыра білуді үйрету. Қимылды ойын "Ұшты-ұшты". Мақсат-міндеттері. Ненің ұшатынын, ненің ұшпайтынын түсіндіру, аңғарымпаздыққа тәрбиелеу. Ойынның мазмұны: ойынды үй ішінде де, сыртта да ойнауға болады. Ойынға қатысушыларға бастаушының сөзін қалт жібермей бағып отыру шарт. Ұшатын құс немесе зат айтылса, қолдарын жоғары көтереді де, ұшпайтын зат айтылса тырп етпей отырады. Қателескен бала айыбына таппақ айтады немесе ән салады. Екі рет жаңылса айып шарты, ұлғая түседі. Бастаушы: Ойынды былай жүргізеді. Ұшты-ұшты, сұңқар ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, қарға ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, арба ұшты! (қол көтермейді) Ұшты-ұшты, дауыл ұшты! (қол көтермейді)

	(секіреді, жүгіреді, жүреді). Тәрбиешінің «Жанбыр жауа бастады» деген нұсқауымен балалар өз үйлеріне қарай жүгіреді. Ойынды қайталау барысында тәрбиеші балаларға білдірмей ойыншықтардың орнын ауыстырып қояды. Балалар өз үйлерін жылдам табуы керек. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)		жақтағы бала қоян болады. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)		Ұшты-ұшты, ұшақ ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, торғай ұшты! (қол көтереді) Ұшты-ұшты, жылан ұшты! (қол көтермейді) Ойында жаңылмаған ойыншы жеңіске жетеді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	«Сықырлы суреттер». Ойынның мақсат-міндеттері: балалардың логикалық ойлау қабілетін, еске сақтау, зейін, қабылдау үрдістерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі суреттердің қиылған бөліктері. Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша суреттердің қиылған бөліктерінен сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну.	Дидактикалық ойын. «Жеміс-жидектерді ажырат». Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністерді бір-бірінен ажырата білу, ойлау қабілеттерін дамыту. Барысы: педагог әр баланың алдына көгөністер мен жеміс-жидектердің суреттерін таратады. Бала жеміс-жидектерді ғана жинап алуы керек.	Сюжетті суреттерді табиғи түстерді пайдалана отырып бояу.	«Таныс пішіндер доминосы». Ойынның мақсаты: геометриялық пішіндер туралы білімдерін бекіту; көп заттың ішінен біреуін таңдауға жаттықтыру. Ойынның құрал-жабдықтары: пішіндер бейнеленген суреттер. Ойынның мазмұны: балаларға суреттерді таратып беру. Жүргізуші бірінші суретті үстелдің ортасына қояды, қалған балалар суретке сәйкес өзінің суретін қояды, суретте бейнеленген пішінді атайды. Ойын осылай жалғаса береді	Кел, жазайық. Мақсат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі.
Серуенге дайындық	Мақсаттары: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс киінуге (шешіне) дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-киім сияқты заттардың орындарын білуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуді, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Күз сыйы" тақырыбында жеке әңгімелесулер. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары,	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. "Күз" тақырыбында әндер жаттау, тыңдау. Аспаптармен танысу, ойындар. Қазақтың ұлттық күйлерін тыңдату. Ертеңгілікке дайындық. (музыка)				

бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Өнер бұрышында "күз" тақырыбында мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Еркін ойындар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	«Баланың денсаулығы үшін дәрумендердің маңызы» тақырыбында кеңес беру.	Отбасында балалардың музыкалық тәрбиесі.	Психолог кеңесі. Мысалы, «Ересектердің балаларға үлгі көрсетуі, саламатты өмір салтын ұстану».	"Баланың агрессивті мінез-кұлқы" атты тақырыпта ата-аналарға кеңес беру.	Ата-аналармен балаға ертегі оқудың маңыздылығы туралы әңгімелесу.

16.10 - 20.10.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Медбике және психологпен бірлескен жұмыс. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балабақша - баланың өміріндегі екінші әлеуметтік орта. Тәрбиелеу мен оқыту үдерістері жайлы әңгімелесу.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Өз төсегімізді жинауды үйренеміз". Мақсат-міндеттері. Балалардың өз төсегін жинастыру дағдыларын қалыптастыру; ұқыптылыққа, басқа біреуге көмектесуге ұмтылуға тәрбиелеу; еңбекке ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын дамыту. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	Балаларды балабақшадағы еңбек жұмыстарына араластыру, ойын бұрышында кезекшілік атқаруды үйрету. Балаларды жұмысты бастап оны аяғына дейін жеткізуге тәрбиелеу. "Бөлме өсімдіктерін жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға суару әдістері (тегенде, жапырақтардың астынан) және ережелер (толтырмай, біркелкі суару) туралы түсінік беру; өсімдіктерге күтім жасау ниетін дамыту. Балаларды өз қолдарынан келетін еңбекке тарту, бөлме өсімдіктері туралы ойларын нақтылау. (сөйлеуді дамыту, еңбек	Балалардың еңбекке дұрыс көзқарасын қалыптастыру, өз-өздеріне қызмет етуді үйрету, бір-біріне кедергі жасамай еңбектенуге тәрбиелеу. "Бөлме өсімдіктерін суару". Мақсат-міндеттері. Өсімдіктердің жарық пен ылғалды қажет етуі туралы балалардың білімдерін кеңейту, ылғалды сұейтін және құрғақшылыққа төзімді, фотофильді, көлеңкеге төзімді өсімдіктерді жапырақтарынан қалай тануға болатынын үйрету. Су және өсімдіктермен жұмыс істегенде дәлдікті, өз іс-әрекеттеріне сенімділікті, еңбек дағдыларын дамыту.	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларды тәрбиешінің көмекшісіне жәрдемдесуге, топ бөлмесіндегі орындықтарды таза ұстауды үйрету, оларды дымқыл шүберекпен сүртуді, орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау дағдысын қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	Балабақшадағы еңбек жұмыстарына қатысу, ұжымдық еңбекке үйрету. Ертегілер мен әңгімелердің кейіпкерлері арқылы «Еңбек түбі – зейнет» ұғымын түсіндіру. Үлкендердің еңбегін құрметтеуге баулу. Мысалы: «Бір уыс мақта», «Бұзау бақтым», «Қайдан келдің бауырсақ?» сияқты әңгімелер мен ертегілер арқылы балаларға барлық заттардың еңбекпен келетінін түсіндіру. "Бөлме өсімдіктерін бүріккіш пистолеттен сумен бүрку". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларының жаңа түрлерін үйрету; балалардың жапырақтарға ылғалдың қажеттілігі туралы түсінігін бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету

		дағдылары)	Айналадағы қоршаған табиғатқа ұқыпты қарауға, оған қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)		(топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)
ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Не артық?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілетін дамыту. Құралдары: түрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар. Педагог түрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды немесе салады. Әрбір төрт заттың немесе суреттің ішіндегі біреуі артық болады. Артығын табу үшін балалар төрт заттың арасынан бәріне ортақ қасиеті жоғын іздеп табады. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) Саусақ жаттығуы. "Ыдысты қалай жуамыз?" Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; балалардың қарапайым дағдыларын	Үстел үсті ойыны. «Мозаика». Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып дұрыс орналастыруды үйрету. Тапқырлықты дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Саусақ жаттығуы. М.Әлімбаев «Он саусақ». Жалғыз саусақ тіпті де, Ұстай алмас жіпті де. Екі саусақ бірікті. Ине қолға ілікті. Үш саусағым орамды Жүгіртеді қаламды ... Өнерлі екен он саусақ! Қала салсақ, жол салсақ.... (сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын. "Баспанасын тап". Мақсат-міндеттері. Жануарлар мен жәндіктер туралы балалардың білімдерін бекіту. Ойын шарты: педагог допты әр балаға кезекпен лақтырады, сұрақ қояды, ал допты қайтарған бала жауап береді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) "Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (заттар). Мақсат-міндеттері. Балалардың айналадағы заттар, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; геометриялық пішіндерге ұқсас заттардың кескіндері. - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш). - Алдарыңдағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар заттарды	Дидактикалық ойын. «Зат неге ұқсайды?» Мақсат-міндеттері. Балаларға бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуді үйрету. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту) "Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың топтамалар жайлы білімдерін дамыту, пысықтау; сәйкес заттың бейнесін тауып дұрыс айтқызып, оның атқаратын қызметі туралы бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттерін, қолдың ұсақ моторикасын желітдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, барлық карточкаларды кім бәрінен бұрын қойса, сол бала жеңіп шығады. Қажетті құралдар: бірдей қос суреттер, әртүрлі объектілердің бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері, құрастыру)	Дидактикалық ойын. «Көлеңкесін тап». Мақсат-міндеттері. Балаларға әр құстың көлеңкесін тауып орналастыруды үйрету. Сөйлеу тілін дамыту. Құстардың атауын дұрыс атауды үйрету. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) "Не өзгерді?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттері. Саналы логикалық есте сақтауды және зейін бөлуді қалыптастыру. Құралдар: түрлі ойыншықтар топтамасы. (сөйлеуді дамыту, құрастыру)	

	жетілдіру. Біз көмекші болып жүреміз, (бас бармақтарын көрсету) Жеңімізді кезегімен түреміз. (жеңді түруді көрсету) Қолға табақшаны алып, (саусақтарды созып, екі алақанды, айкастыра, бірі-біріне уқалау) Уқалап, жуып береміз. Кесе - екі қос алақандай, (саусақтарды қосу, бүгу, екі қолды қырымен қосу, "тербету") Шұңғыл алтын айдай. Қолға кесені алып, (жұдырықтарымен қолдарын алмастыру, алақан ортасына басу, айналдыру) Айналдыра жуып береміз. Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту)		атайды.) - Оларды қандай бір сөзбен біріктіреміз? (Жиһаз, ойыншықтар, ыдыс-аяқ, киімдер.) - Суреттегі заттарды өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. (математика негіздері) "Моншақтарды жинаймыз" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндердің екі қасиеті бойынша (түсі мен пішіні, көлемі мен пішіні) топтастыру біліктіліктерін қалыптастыру, пішіндердің кезектесуіндегі қарапайым заңдылықтарды көру. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)		
Ертеңгілік жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқшаны қолмен ұстау. 1- таяқшаны алға созу. 2- оң қолды төмен түсіру, сол қолдағы таяқшаны тігінен ұстау, жоғары көтеру. 3- таяқшаны алдыға созып ұстау. 4- сол қолды төмен түсіру, таяқшаны оң қолға ауыстыру, таяқшаны жоғары көтеру. 5- таяқшаны алдыға созып ұстау. 6- бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: аяқтың арасын ашып тұру, екі қолды шынтақтан бүгу, таяқшаны кеуде тұсына ұстау. 1-2 алға иілу, еденге қолды тигізу. 3-4 бастапқы қалыпқа оралу. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, таяқша еденде жатады. 1- оң аяқпен таяқшадан аттап, алға бір адым жасау. 2- сол аяқты оның қасына алып келу. 3- оң аяқпен таяқшаны аттап, артқа бір адым жасау. 4- сол аяқпен артқа бір адым жасау. Бастапқы қалып: тізерлеп тұру, таяқшаның екі шетінен ұстау, жауырынға қойып тұру. 1- таяқшаны жоғары көтеру. 2- оңға иілу. 3- түзу тұру, таяқшаны жоғары көтеру.				

	4- бастапқы қалып. Жаттығуды сол жағымен қайталау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан кейін беті-қолды жуу. <i>Ойын- жаттығу.</i> Ас атасы - нан. Арпа-бидай ас екен, Алтын-күміс тас екен. Бір түйір нанның қадірін Тарыққанда білерсің. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Бидай туралы әңгімелесу. Балаларға 1-ден 4-ке дейін санауды ұсынады. Саналғандар реттік сандарына сәйкес 4 топқа бөлінеді. (сөйлеуді дамыту, математика негіздері)	"Нан қалай пайда болады?" суреті бойынша әңгіме құрастыруды үйрету. (сөйлеуді дамыту)	Нанның қайдан келетіні туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Ұннан жасалатын тағам түрлері туралы әңгімелесу. Балалар үстеріне киген киімдерінің түстеріне қарай 4 топқа бөлінеді. (сөйлеуді дамыту)	"Ас атасы - нан" тақырыбында әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Епті баламыз". Мақсат-міндеттері. Балаларға табан мен алақанға сүйеніп төрттағандап еңбектеуді үйрету.	Қазақ тілі "Сықырлы бауырсақтар". Ыдыстар. Мақсат-міндеттері. Балаларды "Сықырлы бауырсақтар" әңгімесі, бауырсақтың дайындалу ретімен таныстыру; нан туралы түсініктерін дамыту; ыдыстың жана түрлері, олардың қолданысымен таныстыру. Музыка "Ас - адамның арқауы" Мақсат-міндеттер. Балалардың музыканы тыңдай отырып, сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру;	Дене шынықтыру "Мергендер жарысы". Мақсат-міндеттері. Балаларға саптағы орындарын өзгертіп қайта тұруды; 2–3 м қашықтықтан алға ұмтыла екі аяқпен секіруді үйрету.	Музыка "Тәтті нан". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдағанда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру.	Дене шынықтыру "Алға жүрелеп жылжу". Мақсат-міндеттері. Алға жүрелеп жылжи отырып, екі аяғымен жерде жатқан таяқшалардан аттап секіруді үйрету және допты аяқты қайшылап отырып-тұрып домалату дағдысын жетілдіру.

		дыбысты есту қабілетін жетілдіру; музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу дағдысын жетілдіру; нанның қасиеті туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру; дыбысты есту қабілеті мен музыка әуенімен бірге би ырғақтарын үйлесімді жасай білу қабілетін дамыту. Балаларды достық қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу; эстетикалық мәдениетін, оқу қызметіне белсенділіктерін арттыру.			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Күзгі желге көңіл аудару. Іс-тәжірибелік әрекет: желбағардың көмегімен желдің күшін анықтау. Балаларға жалаулар мен жапырақтарға қарап, далада желдің бар не жоғын және қай жақтан есіп тұрғанын байқату. "Түтікшемен үрлеп, таспаны (лентаны) желбіретейік" жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Педагог әрбір баланың	Аспанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларға аспанда болып жатқан құбылыстарды бақылауды, бір-бірінен ажыратуды, атауды үйрету; күн райының құбылмалы болатынын түсінуді үйрету. Балаларды әртүрлі табиғи құбылыстармен таныстыру: ашық, бұлтты, бұлыңғыр, желді. "Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері.	Бағдарлау. Ойын алаңына экскурсия. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балаларды бағдарлау барысына, басынан аяғына дейін зейін салып, қатысуға бейімдеу; дүниетанымын кеңейту; өсімдіктер әлеміне қызығушылықтарын арттыру. Балаларға балабақша ғимаратын айналып өтіп, аумағында не өсіп тұрғанын анықтауды ұсынады. Көркемсөз. С. Сейтхазин "Ағаш". Қала да орман, қыр да	Аула сыпырушының жұмысын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Танымдық әрекеттерін белсендіру; еңбек нәтижесін бағалауды үйрету. Көркемсөз. Қадыр Мырза Әли "Көше тазалаушы". Таныссың ба, бала, менің ісіммен, Көшелерді сыпыратын кісі мен. Қалған-құтқан нәрселерді жұғымсыз Сыпырғышым сыпырады тынымсыз. Ескі-құсқы шүберекті, сүйекті, Қораптарды, түймелерді, тиекті.	Қылқан жапырықты ағаштарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Ағаштар туралы білімдерін бекіту, қорытындылау, салыстыру, тұжырымдай білуді дамыту; қылқан жапырақтыларды өзге ағаштардан ажыратуды бекіту. Жұмбақ шешу. Дауылға да, аязға да, Шыдап бағар міз бақпай. Тау етегі тұрағы, Жап-жасыл боп тұрады. (Қарағай.) Қысы-жазы шешпейтін, Көйлегі бар жасылдан. Өзгертпейді еш кейпін,

	алдына түтікше мен лентаны (қағаздан қиылған жолақ та жарайды) қояды. - Балалар, қазір біз түтікшеден желді үрлеп шығарамыз. - Мен "жел қатты соғып тұр" десем, сендер таспаны қатты үйрлеп желбіретесіңдер. - Мен "жел баяу соқты" десем, сендер түтікшеге ақырын үрлеп, баяу соққан желді білдіресіңдер. Еңбек әрекеті: шығарылған материалдарды жинау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балаларға серіеннен кейін заттарды ретке келтіруді үйрету: ойыншықтарды жинау, себетке салу. "Орамал" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балалардың қимыл-шапшаңдығын дамыту, ойынға қызығушылықтарын арттыру. Балалар шеңбер құрып отырады, шеңбер бойымен бір бала жүгіреді, оның қолында орамалы болуы тиіс. Шеңбер бойында отырған баланың біреуінің артына орамалды тастап кетуге тиіс. Бала артына бұрылып қарап, орамалды қолына алып, орамал тастаған баланы қуып жетеді де, оған орамалды лақтырып тигізуі керек. Егер тигізе алмаса, ойынды өзі жалғастырады. Орамал тастаған ойыншы қуып келе	Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау, жаңбыр! Жау, жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерің шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру) Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру) Еңбек әрекеті: гүлзардағы гүлдерді суару. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Балаларға тиісті еңбек әрекеттерін орындауды үйрету. "Өткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды шеңбер ішінде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; белгі бойынша бір адамдай шеңбер бойымен біресе бір жағына, біресе екінші жаққа жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз.	орман. Сонау алыс жылдардан Өзен бойы, жол бойы Орман, орман ырғалған. Қаптай өскен өңірді Орман қандай өмірлі! Нақтылау: қайсы ағаштар, бұталар, гүлдер. Еңбек әрекеті: жолдарды сыпыру. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Үйректер мен аңшылар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Ұйымшылдыққа, зейінділікке тәрбиелеу, өз қимыл-қозғалысын басқару біліктіліктерін дамыту, балаларды допты қозғалып тұрған нысанға тигізуге жаттықтыру, көру қабілетін дамыту. "Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала ешкімге айтпай, өзіне керекті бояу түсін таңдайды, "бояушы"	Шикылдаған екі жақты арбамен Апарам да аударамын орға мен. Балаларға аула сыпырушының құрал-жабдықтарын атап, сол жабдықтарды жұмыста қалай қолданытынын көрсетуге шақыру. Еңбек әрекеті: сәбилер тобының ойын алаңындағы гүлдерді суғару. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттері. Суқұйғышқа, шелекке су толтыру дағдысын дамыту, суғару кезінде суды ұқыпты пайдалану, ұжымдық жұмысты мақтау. "Бұғы аулаушылар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды әртүрлі бағытта жалтарып жүгіруге жаттықтыру, ептілікті, жылдамдықты дамыту. Балалар "бұғылар" болады, "бұғы аулаушылар" рөліне бір-екі бала санамақ арқылы тағайындалады. "Бұғылар белгі бойынша алаңның бір жағынан екінші жаққа жүгіреді, ортаңғы екі шетте тұрған "бұғы аулаушылар" қолмен түртіп, бәрін ұстап жатады. Ойынның соңында балалар "бұғы аулаушылар" ұстаған "бұғыларды" санайды. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. "Кеглиді қағып ал" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Допты тура бағытта домалатып, алшақ тұрған кеглиді қағып түсіруге дағдыландыру; дәлдікке, ептілікке, зеректікке баулу. Еркін ойындар: далаға шығарылған материалмен	Жаралғандай асылдан. (Шырша.) Балалардан қарағай мен шыршаны қандай белгілеріне қарап ажырататындарын сұрау. Екі ағаш қылқандарының ұзындықтары мен түстеріне көңіл аударуды ұсыну. Қылқан жапырақтылардың неге осылай аталатыны туралы сұрау. Ағаштардың адам денсаулығына, табиғаттың жандануына жағымды ықпалы туралы баяндау. Еңбек әрекеті: ойын алаңындағы табиғи материалдарды жинау. Мақсат-міндеттері. Еңбек етуге ниеттерін ояту, жұмысты таза және тиянақты орындау. (еңбек дағдылары) Санамақты мәнерлеп жатқа айту жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қадыр Мырза Әли "Санамақ". Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық... Сен, қал! Сен, шық! "Қойшы мен табын" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға дағдыландыру; ойын желісіне белсенді қатысуға бейімдеу, басқарушы және ойыншы рөлдерін ойнай білуге
--	--	--	---	---	---

	жатқан баланың орынына отыруы керек. Қуғыншы бала, орамал тастаушыға орамалды тигізсе, онда ойынды орамал тастаушы бала өзі жалғастырады. "Қарға мен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Кеңістікті бағдарлауды үйрету, бір-біріне соқтығыспауды үйрету, тәрбиешінің нұсқаулығын тыңдау; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Дербес әрекет: еркін ойындар, далаға шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлау дағдысын қалыптастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	Жылдам-жылдам жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырады, қолдарын босатады, барлығы демалады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. "Жанды лабиринт" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Тепе-теңдікті, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын, тапқырлықты дамыту; бірлескен іс-қимылдардың реттілігін сақтауға жаттықтыру. Еркін ойындар: далаға шығарылған материалмен ойындар, топтық ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалысты дамыту, допты алға, қолды бүкпей беру біліктіліктерін бекіту; бір-бірімен достық	сұраған кезде өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде сұрақтар қойып, "бояушы" қандай бояуды қалайтынын сұрайды. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сай қағады да, "бояуды қуалап кетеді. Егер "бояу" қашып кетіп, қайта қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол жылдамдыққа бейімдеуге болады. Дербес ойындар: далаға шығарылған материалмен ойындар, қимыл-қозғалысты дамыту, кеңістікті бағдарлау, тепе-теңдікті сақтау дағдысын жетілдіру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет	ойындар. Мақсат-міндеттері. Балаларға ойынға қажет құрылыс нысандарын тұрғызуды үйрету (үй, қора және тағы басқа); ойында табиғи материалдарды қолдану (құм, су және тағы басқа). Ойын мазмұны мен тақырыбын кеңейтуді дамыту. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем әдебиет)	машықтандыру; шапшандыққа, зеректікке, жылдамдыққа баулу; күш-жігерін, төзімділігін дамыту. Алаңның бір жағына қой қора қоршалады. Ойнаушылар санамақ арқылы "қойшыны" таңдап алады; қалғандары – "қойлар" болады. "Қойшының" көзін байлайды. Балалардың біреуі (алғашында педагог) "қойшыдан сұрайды: "Қойшы, қойшы, маған қанша қадам бересің?". "Қойшы" өз санын (онға дейін) айтады. Осы қашықтықтан "қойшы": «Менің табыным қайда?»- деп сұрайды. "Қойлар" (балалар): "Мә-мә-мә...", - деп дауыстайды да үндемей қалады. Қойшы оларды іздей бастайды. Балалар жүргізушіден қашып құтылмақшы болады. Егер "қойшы" балалардың бірін түртіп қалса, олардан: "Қойым, қойым, өзінді ата!" - деп сұрайды. Ал "қой" оған: "Мә-мә-мә!" - деп дауысын шығарады. "Қойшы" баланы дауысынан танып қойса, ұсталған "қойшыға" айналады. Жаңа ойын басталады. Егер бала тани алмай жатса, осы "қойшымен" ойын жалғасады. "Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бағытты шеңберге ауыстырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін арттыру. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, далаға шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Ойынға саналы түрде қосылуға ынтасын
--	---	---	---	---	---

		қарым-қатынасты дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, музыка, дене шынықтыру)	ету дағдыларын дамыту. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)		тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу, дене шынықтыру)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Мақсат-міндеттері. Қол жуу ережелерін бекіту; жарыс ойындар; тәрбиешінің тазалық туралы әңгімесі; балалардың өзін-өзі бақылауы. Көркемсөз Сылдырлайды мөлдір су, Мөлдір суға қолыңды жу. Жуынсаң сен әрдайым, Аппақ бетің, маңдайың. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	«Бір үзім нан» ертегісін оқып беріп, барлық баланы ұйықтату. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. Домала, доп, домала! (екі қолды айналдыру) Балшыққа тек жолама. (сұқ саусақпен ескерту) Жек көремін оныңды, (сұқ саусақпен оң және сол жаққа серпілту) Бүлдіресің қолыңды. (екі қолының алақандарын жоғары көтеріп айналдыру) Секіріп өт ордан да, (екі қолды жұдырыққа түю, кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту) Секіріп өт жолдан да, (екі қолды жұдырыққа түю, кезек-кезек бірінің үстінен бірін секірту) Қуса күшік жетпесін, (баяу жүгіру) Мәшине басып кетпесін. (мәшиненің рулін айналдыру) (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Еркежан әжей тақпағын мәнерлеп оқу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тақпақты мұқият тыңдауға, мазмұны бойынша сұрақтарға, мәтін жолдарымен жауап беруге машықтандыру, байланыстырып сөйлеу дағдыларын қалыптастыру. "Нан өнімдері" дүкені. Рөлді және сөздік ойын.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Бауырсақ". Мақсат-міндеттері. Балаларды бауырсақ пен нан өнімдерімен таныстыра отырып, нанның бидай дақылынан пайда болатыны туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын. "Бауырсақ қалай дайындалады?" Мақсат-міндеттері.	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Таба нан". Мақсат-міндеттері. Балаларды әңгіме мазмұнымен таныстыра отырып, нанның қасиеті мен бидайдың өзіндік ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; әңгімені тыңдау кезінде нанның қасиетін эмоциялық сезіммен қабылдады үйрету.	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Сарқытты тең бөлейік". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы бес саны туралы ұғымдарын қалыптастыру; сандарды заттардың көлемі мен түрлеріне емес, жиынына ған байланысты болатынын түсіндіру. Дамытушы жаттығу. "Сарқытқа үш табак." Мақсат-міндеттері. Заттарды түріне қарай топтастыруды	«Үйдің есігін жабайық». Мақсат-міндеттері. Заттарды өлшемі бойынша салыстыруды, жуан және жіңішке заттарды ажыратуды жаттықтыру. Ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: үйдің, есіктің суреттері. Ойынның мазмұны: қағаздан қиылған, есігі жоқ үйдің суретін балаларға тарату. Жуан және жіңішке есіктерді үйдің өлшеміне сай келтіріп салуды ұсыну.

	Құрастырудан ойын-жаттығу "Бидай масағы". Мақсат-міндеттері. Балаларға "Масак" украин халық ертегісіндегі масақты оригами әдісі бойынша құрастыруды үйрету. "Шарды ұста" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Қимыл шапшаңдығы мен жылдамдығын дамыту. Тәрбиеші ортаға көп шарды жайып тастайды. Ойын басталғанда (тәрбиешінің көмегімен) балалар шарды тәрбиешіге ұстап береді. Кім көп шар жинаса, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын 10-15 секунд жалғасады. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, көркем әдебиет, құрастыру)	Бидайдан нан жасау үшін қанша көп еңбек етілетінін түсіндіру, сурет бойынша әңгіме құруды үйрету, сөздік қорды кеңейту. «Зообакқа орналастыр». Мақсат-міндеттері. Заттың көлеміне қарай салыстыруды, талдау жасауды үйрету. Жабайы аңдар мен жануарлар, құстардың дене бітіміне қарап зообакқа орналастыру, оларға қамқоршы болуға тәрбиелеу. Сөздік қорын молайту, ауызекі сөйлеу тілін жетілдіру. Көрнекіліктер: зообак торлары, әртүрлі жануарлар, аңдар, құстар. Ойын шарты: зообакқа әкелінген аңдар мен құстар, үй жануарларын торларға орналастыру қажет. Балалар піл мен түйені үлкен торға, қоян, тиін және тағы басқа кішкентай торға орналастыруы керек. Бала неліктен олай орналастырғанының себебін айтады. Пілдің үлкен, қоянның кішкентай екенін, сондықтан үлкен торға пілді, қоянды кіші торға орналастырғанын айтады. (қоршаған ортамен танысу, математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту)	Дидактикалық ойын. "Нан қалай пайда болады?" Мақсат-міндеттері. Сюжетті суреттерді рет-ретімен орналастыруды үйрету. «Жеміс жинау». Дидактикалық мақсаты. Заттарды санауды және олардың екі тобын салыстыруды, өлшемі мен пішініне және түстеріне қарай ажыратуды үйрету. Қажетті құрал-жабдықтар. Қағаздан жасалған үш себет және үлестірмелі жеміс түрлері. Ойын мазмұны. Үстел үстінде шашырап жатқан жеміс түрлері. Тақтаға шақырылған бала жемістерді теріп, үш себетке жинайды. Бірінші себетке - алма, екінші себетке - алмұрт, үшінші себетке - әртүрлі жемістер жиналады. Әр себеттегі жемістерді алдымен бір бала санайды, кейін барлығы қосылып айтып салыстырады. Екі себеттегі әртүрлі жемістерді салыстырады. Мысалы: «Себетте қанша алма бар? Себетте қанша алмұрт бар? - Бірінші себеттен бір алма, ал екіншісінен бір алмұрт алып қой. Осылайша, ойынды әрі қарай жалғастыр. Себеттегі алмұрт қалды ма? Неше алма қалды? Неше алмұрт қалды? Алмұрттың алмадан	үйрету. Дамытушылық жаттығу. "Не өзгерді?" Мақсат-міндеттері. Балалардың қабылдауын, зейіндерін, еске сақтауын дамыту; байқампаздыққа, зеректікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: әртүрлі заттар мен ойыншықтар. Барысы. Педагог балалардың алдына таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Алдымен, заттардың саны 6 басталып, ал кейін 10-12 дейін жетуі мүмкін. Ойыншықтарды бір қатарға орналастырғанда, балалар олардың реттік нөмірін айтады. Балалар көздерін жұмады, педагог қатардағы ойыншықтардың орналасуын өзгертеді. Балалар көздерін ашады да, қай ойыншық қай жерге ығысқанын айтады. Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар: құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз және тағы басқа). Педагог балалармен құрылысқа қатысатын мамандар жайлы	(математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Сурет салудан ойын-жаттығу "Алтын бидай алқабы". Мақсат-міндеттері. Балаларға бидай алқабы көрінісін салуды үйрету; бидай масақтарын бор және саусақтарды басу арқылы салу техникасын игерту; адамның бидай өсірудегі еңбегі туралы білімдерін тиянақтау. Бақылау жаттығуы. "Дақылдарды таны және ата". Мақсат-міндеттері. Дәнді дақылдарды бір-бірінен ажыратуды, олардың атауларын білуді үйрету. Вариативті компонент. Құрастыру "Бейбітшілік құсы - қарлығаш". Мақсат-міндеттері. Балаларға қатырма қағаздан жолақтар қиып алып, дұрыстап бұғу арқылы қарлығашты құрастыруды үйрету; қарлығаш құсы туралы білімдерін кеңейту; "көктемгі әрекет, күзгі берекет" мағынасын түсіндіру; қыстап қалатын құстар мен жыл құстарын бір-бірінен ажыратуды; қолдың саусақ моторикаларын, эстетикалық талғамдары мен шығармашылық қабілеттерін дамыту. Дидактикалық ойын. "Құстарды ажырат" (қыстырғыштармен ойнатылады) Мақсат-міндеттері. Қыстап қалатын және жыл құстарын ажырата алуды үйрету. (математика негіздері, сурет салу, құрастыру, сөйлеуді дамыту)
--	--	---	--	--	--

			қаншасы кем? Қаншасы артық? Алмұрттың пішіні неге ұқсайды, алманың пішіні неге ұқсайды?» деген сұрақтар қоя отырып, ойынды әрі қарай жалғастыруға болады. (қоршаған ортамен танысу, математика негіздері, сөйлеуді дамыту) Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Анама бәліш пісіремін". Мақсат-міндеттері. Ермексаздан бәліш жасауды үйрету; ұннан жасалатын тағамдар туралы білімдерін жаңғырту. (көркем әдебиет, құрастыру, математика негіздері, сөйлеуді дамыту, мүсіндеу)	алдын ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп алады; өздеріне қажетті киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Кейін балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженер-құрылысшының жұмыстарын орындайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Педагог балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болуы үшін, құрылыс-мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызғанда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, құрастыру)	
Балалармен жеке жұмыс	«Мынау қай пішін?» Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішінді қолмен сипап анықтау арқылы айту. Көрнекілік: картоннан жасалған геометриялық пішіндердің 5 түрі. Барысы: бала топқа қарап тұрып, қолын артқа ұстайды. Тәрбиеші оның қолына геометриялық пішінді ұстатады. Бала оны	«Мақал мәтелдер». Мақсат-міндеттері. Айтылған мақал-мәтелді қайталап айтып беруге дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Артикуляциялық жаттығу. «Кім, қалай дыбыстайды?» (баламен жеке жұмыс - түрліше тембрлік құбылыста айту) - А, аа, аа, а, а, ааааа (қуанышты дауыспен). - Ааа, аа, а, а, ааа (аянышты дауыспен). - А, аа, аааа, а, ааа (таң қалған дауыспен). 1 минут жұмыс істеңіз. Екінші баламен (и), үшінші	Кел, жазайық. Мақсат-міндеттері. Тиянақтылықты, көркем жазуды, қаламды дұрыс ұстауды үйрету. Үзік сызықтарды салу білігін бекіту. Балаларға үлгілер таратылады. Суреттер мен жазулар үзік сызықтар арқылы беріледі. (математика негіздері)	«Кім зейінді?» Мақсат-міндеттері. Белгілі геометриялық пішіндерден әртүрлі нәрселер құрастыру. Көрнекілік: сіріңке қорабында үлестірмелі геометриялық пішіндер. Барысы: тәрбиеші төмендегі геометриялық пішіндерден бейнелер құрайды. Жылдам орындаған балаларға мақтау айтылады. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, құрастыру)

	сипап көреді, заттың атын дауыстап атайды. (математикаа негіздері, сөйлеуді дамыту)		баламен (о) дыбысымен жұмыс істеуге болады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет)		
Серуенге дайындық	Мақсаттары: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс киінуге (шешіне) дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-киім сияқты заттардың орындарын білуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуді, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Ас атасы-нан" тақырыбында жеке әңгімелесулер. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Театрды сахналау "Үш торай" ертегісін алжапқыштармен сахналау. (көркем әдебиет) Музыкалық аспаптармен ойындар. "Күз" тақырыбында әндер жаттау, тыңдау. Аспаптармен танысу, ойындар. Қазақтың ұлттық күйлерін тыңдату. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Музыкалық аспаптармен ойындар. "Ас атасы - нан" тақырыбында әндер жаттау, тыңдау. Аспаптармен танысу, ойындар. Қазақтың ұлттық күйлерін тыңдату. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Өнер бұрышында "ас атасы - нан" тақырыбында мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Еркін ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Баланы дұрыс сөйлеуге қалай үйретеміз?" Ата-аналарға кеңес беру.	«Отбасының саламатты өмір салтын сақтауға бағытталған дәстүрлері».	Психолог кеңесі. «ЖРВИ кезінде қоғамдық орындарда балалар өздерін қалай ұстау керек?»	«Саламатты өмір салты ережелері», «Балаларға ыңғайлы киім таңдау» тақырыптарында әңгіме жүргізу.	Ата-аналарға кеңес беру. "Өрт қауіпсіздігі".

23.10 - 27.10.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналарға кеңес: "Баланың үйдегі іс-әрекетін балабақшаның күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру".				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Асханада кезекшілік атқару». Мақсат-міндеттері. Балаларға кезекші міндеттерін өз бетінше және адал орындауды үйрету. Қолды мұқият жуу, кезекшінің киімін кию, үстелді дұрыс қою. Тамақтанғаннан кейін ыдыстарды тазалау. Еңбек дағдыларын дамыту, үстел жабдығындағы ретсіздікті көре білу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмеде терезе алды тақтайын дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларға сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету, жеңдерін түру, шүберекті сулау, құрғатып сығу, кірлеген шүберекті сумен шаю. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	25 қазан - Республика күні	"Күтушіге төсек салуға көмек көрсету". Мақсат-міндеттері. Балаларға өз төсек-орындарын ажыратуды үйрету; ересектерге қолдарынан келетін көмектерін көрсетуге ынталарын тәрбиелеу; еңбектенуге ұмтылысты, тапсырылған іс үшін жауапкершілік сезімін тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Біз орындықтарды орнына орналастырамыз". Мақсат-міндеттері. Еңбек дағдыларын дамытуды жалғастыру; тапсырманы мұқият және жылдам орындау. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады. (музыка) "Торғай-торғай тоқылдақ" артикуляциялық жаттығу. Мақсат-міндеттері. Балаларға мәтінді есте сақтап, мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркемсөзге қызығушылықты арттыру. Торғай-торғай, тоқылдақ, Жерден тары тары шоқып ап, Бөтегесі томпайып Тойған қозыдай монтайып, "Шіп-шіп" десіп отырар. (Халық ауыз әдебиетінен) (сөйлеуді дамыту) "Домино" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың топтамалар жайлы	"Суретті құрастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға бірнеше бөліктерден тұратын тұтас суретті құрастыруды үйрету, төзімділікке, бастаған істі аяқтауға тәрбиелеу. Сурет бөліктерін таңдағанда қателеспей, кім өз суретін жылдам құрастырып, дұрыс атайса, сол бала жеңімпаз атанады. Ойын іс-әрекеті. Тұтас суретті құрастыру үшін тиісті бөлшектерін іздестіру. Қажетті құралдар. Бірнеше бөлікке бөлінген түрлі заттардың суреттері (көлемдері 7×8 см карточкалар). (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар) "Ұшады құстар біздің		"Жалпы атауын бер" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды бірнеше объектіні ортақ белгісі немесе қасиеті бойынша біріктіріп, топтаманы дұрыс атай білу дағдыларын жетілдіру; сөздік қорларын байыту; ақыл-ой қабілетін дамыту. Балаларға лото карталары беріледі. Балалар белгілі карточкаларды топтастырады, заттардың жалпы атауын атайды (жануарлар, құстар, үй құстары, үй жануарлары, құралдар, жиһаз, ыдыс-аяқ, ғимараттар, қыз бен ұлдың киімдері). (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар) "Не (кім) қалай қимылдайды?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды жан-жануарлардың суретін көріп, қалай қимылдайтындарын айтуға машықтандыру; байланыстырып сөйлеуді жетілдіру, сөздік қорларын дамыту.	"Мен өзіммен бірге жолға аламын" ойыны. Мақсат-міндеттері. Логикалық ойлауды дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі құралдар: заттардың суреттері бар суреттер. Балаңызға жүзуге баруды ұсыныңыз. Бәрі сәтті өтуі үшін оған мұқият дайындалу керек, қажет нәрсенің бәрін жинау керек. Баладан бір суретті алып, бұл заттың қалай пайдаланатынын сұраңыз. Суреттердегі заттар әртүрлі болуы керек. Мысалы, бала доптың бейнесін алады: "Демалыс кезінде доп ойнай аласың, допты құтқару шеңберінің орнына қолдануға болады, өйткені ол батып кетпейді." Бала суретті алдына қойып, әртүрлі жерге саяхаттау үшін не қажет болатынын айтуы керек (шөл далада, пойызда, ауылда). (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, құрастыру)

	білімдерін дамыту және пысықтау; сәйкес заттың бейнесін табуды, дұрыс атауды, оның атқаратын қызметі жайында бір сөйлемді құрастыруға дағдыландыру; қабылдау, зейін, ойлау қабілеттері, қолдың ұсақ моторикасын жетілдіру. Ойын шарты. Суреттері сәйкес келетін карточкалардың біріне қатарлап тізіп қою, барлық карточкаларды бәрінен бұрын қойған бала жеңіп шығады. Қажетті құралдар: қос суреттер (бірдей), әртүрлі объектілер бейнеленген көлемдері 5×6 см карточкалар. (сөйлеуді дамыту, құрастыру)	бақта" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау) Солға ұшады ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары көтеру) Оңға ұшады ұмтылып. (екінші қолды оң жақтан төменнен жоғары көтеру) Біресе төмен түседі, бұтаққа қонады, (төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары көтеру) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту)		Құралдары: жан-жануарлардың суреттері. Мысалы. Ат - шапқылайды, жүреді, жатады, желиді, секіреді. Құрт - жорғалайды, жатады, жыбырлайды. Көбелек - ұшады, қонады, жүреді, отырады. Балық - жүзеді, тыныс алады, құйрығын қозғалтады. Қасқыр - жүреді, жүгіреді, күтіп жатады, отырады, жортады, секіреді. Шегіртке - отырады, секіреді, ұшады. Бүркіт - ұшады, қалықтайды, қонады, отырады, жүгіреді. Адам - тұрады, жатады, отырады, жүгіреді, секіреді, билейді, еңкейеді, шалқаяды. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру)	Санамақты жатқа айту жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Көркемсөзді мәнерлеп айтуға дағдыландыру; қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Қадыр Мырза Әли "Санамақ". Бота, түйе, Құлын, бие, Торай, шошқа, Қозы, қошқар, Қодық, құлан, Көжек, қоян, Бақа, шаян, Торғай, шымшық ... Сен, қал! Сен, шық! (сөйлеуді дамыту)
Ертеңгілік жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, екіге бөлінген секірмежіп төменде. 1-2 секірмежіпті жоғары көтеру, аяқтың ұшына тұру. 3-4 бастапқы қалып: аяқтың арасын сәл ашып тұру, секірмежіп төменде. 1- оң жаққа бір қадам жасау, секірмежіпті жоғары көтеру. 2 - оңға иілу. 3- тік тұру, секірмежіпті жоғары көтеру. 4- бастапқы қалып. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секірмежіпті екі бүктеп ұстау, төмен түсіріп тұру. 1-2- отыру, секірмежіпті жоғары көтеру.				

	3-4 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: аяқтың арасын кең ашып тұру, секірмежіп иықта. 1- денені оңға бұру. 2- бастапқы қалып қа оралу. Бастапқы қалып: аяқ арасын сәл ашып, секірмежіпті арт жаққа ұстап тұру. Секірмежіпті алға қарай айналдыра отырып, кішкене үзіліс жасау, екі аяқты ауыстыру, екі аяқпен бір орында секіру. (дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Таңғы ас	Балалардың беті-қолын жуғызу, таңғы асқа отырғызу. Ас ішу мәдениетімен таныстырып отыру. Қасық пен шанышқыны дұрыс пайдалануды үйрету. Асты сөйлемей ішу. Астан соң беті-қолды жуу. Ойын жаттығу. Нан қикымын шашпандар, Жерде жатса баспандар, Теріп алып, қастерлеп Торғайларға тастандар. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз, көркем әдебиет)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Арайлы таң, армысың! Шуақты күн, армысың! Жан досым, саған сәлем берейін, Аман-есен бармысың!	Арайлап таң атты, Алтын сәуле таратты. Жарқырайды қаламыз, Жайнай түссін даламыз. Қайырлы таң, достарым!		Сәлем бердім досыма! Аман болсын әрқашан! Асығамын қашанда! Жайдарлы мінезді апайыма.	Үлкенге сіз дейміз! Кішіге де сіз дейміз! Бәрін, бәрін құрметтеп, Бас иеміз біз.
	Жыл құстары туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	Құстар түрлерімен таныстыру, әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)		Құстар туралы қызықты деректер. (сөйлеуді дамыту)	Жыл құстарының түрлерін пысықтау. (сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Арақашықты сақтау амалдары". Мақсат-міндеттері. Балаларға бұдыры бар тақтаймен жүру кезінде тепе-теңдікті сақтауды; 1,5-2 метр арақашықтықтан кеглилерді қағып түсіруді үйрету.	Музыка "Адам еңбегіне жыр". Мақсат-міндеттері. Балалардың музыканы тыңдап отырып, оның сыр-сипатын ажырата білу қабілетін арттыру; әнді тыңдау арқылы дыбыс ұзақтығы туралы ұғымын қалыптастыру. Қазақ тілі "Үй құстары. Жыл құстары". Мақсат-міндеттері. Балалардың құстар, жыл мезгілдері жайлы түсініктерін кеңейту, үй құстары мен жыл құстары деп аталуының		Музыка "Көгершіндер әні". Мақсат-міндеттері. Балалардың көгершіндер туралы әуенді қабылдау қабілетін арттыру; әнді тыңдағанда дыбысты есту қабілетін жетілдіру.	Дене шынықтыру "Саптарда кім бар?" Мақсат-міндеттері. Балаларға тепе-теңдікті сақтай отырып, қолын жоғары көтеріп алып, тақтай бойымен жүруді үйрету.

		себептерін түсіндіру.			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы сауысқан құсы туралы түсініктерін тиянақтау; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру; байқағыштыққа тәрбиелеу. "Сауысқан". Ала қанат сауысқан, Жауыр атқа жабысқан. Ойда жауыр көрінсе, Ойбайлатқан сауысқан. Қырда жауыр көрінсе, Қиқандатқан сауысқан. <i>(Ел аузынан)</i> Еңбек әрекеті: далаға шығарылған материалдарды жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларғасеруеннен кейін орындарын ретке келтіруді үйрету: ойыншықтарды тазалау және жинау, себетке салу. "Аққу-қаздар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Белгі белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үйлестіруді, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Торғайды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Торғайдың тіршілігі, сыртқы ерекшеліктері жайлы түсініктері мен білімдерін тиянақтау, құстарды аялау сезімін тәрбиелеу. Торғайдың адамға жақын, бір топ болып мекендейтінін байқату; торғайдың, қысқы тіршілігі мысалында көрсетіп, өте төзімді, батыл құс екеніне көңіл аудару. Торғайдың сыртқы көрінісіне қарап, оның қоңыр, сұр, кара түстерді байқауға болатынын көрсету. "Торғай". Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап қоймайсың, Ұшасың, талмайсың. Шомылып ал шалшыққа, Қона ғой біздің баққа. Д. Ахметова. "Қайда барсаң – соны табасың" дидактикалық ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға кеңістікті бағдарлауды үйрету. Педагог белгілі заттарды		Құстарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы аула құстары, олардың тіршілігі жайлы білімдерін кеңейту; құстарға сүйіспеншілікке, қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға ойын аланына немесе бау-бақшаға ұшып келген құстардың дыбыстарын тыңдатады да, оларды ажыратуды ұсынады. Құстардың түрі көп болмаса, педагог смартфонна жазылған құстардың дыбыстарын тыңдатып, дұрыс атауды ұсынады. Балалар құстардың үнін сөзбен қалай айтуға болатынын түсіндіреді. Торғай - шырылдайды. Қарға - қарқылдайды. Сауысқан - шықылықтайды. Бөдене - бытпылдайды. Бұлбұл - сайрайды. "Торғайдың әні" артикуляциялық жаттығуы. (сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтінді еске сақтауды және мәнерлеп айтуға машықтандыру; артикуляцияны жетілдіру; көркемсөзге қызығушылықты арттыру. Ж. Сымақов "Торғай". Шыр-шыр еткен торғайды, Қорғамасаң, болмайды. Кіп-кішкене торғайлар Ағаштарды қорғайды.	Құстың ұшуын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Құстардың әртүрлілігі, олардың қозғалу тәсілі жайлы түсініктерін нақтылау. Педагог ұшып-қонып жүрген құстардың қимылдарына көңіл аударады, балалардан құстар неге дәл осылай қимылдайтынын анықтайды. Қанаттарының көмегімен құстар бір орыннан екінші орынға, жерді баспай ұшып барады, аспанда қалықтайды. Құстардың қанаттары қауырсындардан тұрады. Құстар аяқтарымен жүреді және секіреді. Мысалы, түйеқұс жылдам жүгіреді. Құстар әуеде қанаттарын желкендей жайып қалықтайды. Мысалы, бүркіт биік ұшып, қалықтап, өз қорегін аңиды. Балаларға құстардың ұшып, қалықтап жүретінін бейнежазбадан көрсету. Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: бақша үлескесін ағаш үгінділерімен жабу. Мақсат-міндеттері. Жүппен жұмыс істеуді үйрету; достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу. "Қайда жасырылғанын тап" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Кеңістікті

	Педагог балаларға "акку-каздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін ойнап тұрады. Педагог: - Акку-каздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа! Осы сөздерден кейін балалар қарама-қарсы жаққа жүгіруге ("ұшуға") ұмтылады. "Қасқырлар" "акку-каздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. Педагог алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "каздар" саналады. Ойыншылардың қабілеттері бағаланады. "Ұстап ал" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша жылдам әрекет етуді үйрету; достық қарым-қатынастарды дамыту. Өз бетімен еркін ойын	(жемістер мен көгөністерді немесе ойыншықтарды, құралдарды) ойын алаңының әр жеріне қояды. Бала педагог айтқан бағытты қолмен көрсетіп, сол бағыт бойынша жүріп, жасырылған объектіні табу керек. Педагог нұсқауларды нақтылы және дұрыс беру керек: алға бес қадам, солға екі қадам, оңға тағы екі қадам. Күрделенуі: балалардың өздері топтастарына нұсқау беріп, жүргізуші бола алады. Еңбек әрекеті: шығарылған материалдардың құмын қағу, орнына жинау. Мақсат-міндеттері. Ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойыншылар екі топқа бөлінеді, екі бағытқа қарайды, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны санамақ арқылы басқарушы ретінде таңдайды.		Еңбек әрекеті: ағаш тұқымдарын жинау. Мақсат-міндеттері. Балаларды тұқым жинауға ынталандыру. "Ит пен торғай" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ит пен торғайдың іс-әрекеттері туралы білімдерін бекіту; дауысты басқаруды үйрету. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ұзындыққа секіруге жаттықтыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту. Мақсат-міндеттері. Допты бір-біріне астыдан жоғары лақтыру дағдыларын бекіту. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту)	бағдарлауды, ақыл-ой қабілетін дамыту. "Жоғары - төмен" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды мәтіннің мәніне, ырғағына сай қимылдауға машықтандыру; жоғары және төмен ұғымдарын пысықтау; табиғат құбылыстарына қызығушылықты арттыру. - Балалар, "жоғары" десем - қолдарыңды жоғары созып шапалақтайсыңдар, "төмен" десем - төмен отырып, тыныш отырасыңдар. Күлімдейді алтын күн. Жерде жатыр алтын құм. Құстар ұшты биікке. Сәбіз өсті жүйекте. Кішкентай болдық желектей, Өсеміз биік теректей. Д. Ахметова. Күрделенуі: жаттығу сөздерін жылдамдатып айтып, балаларды сол темпке бейімдеуге болады. "Тым-тырақай" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнай білуге баулу; шапшаңдық, зеректік, кеңестікті бағдарлау, жылдам жүгіру қабілеттерін дамыту. Балалар шеңбер құрайды. Бір немесе бірнеше бала шеңбер ортасында санамақ сөздерден кейін ұстап алушылардың рөлін атқаратын болады. Ал, көнеки, балалар, "Бір, екі, үш!" деп санаңдар! Бір, екі, үш! Ал тараңдар! Бұл сөздерден кейін балалар жан-жаққа бытырай қашады. Оларды ортада тұрған бала ұстап алу керек.
--	---	--	--	--	---

	әрекеті: "Мені қуып жет!". Мақсат-міндеттері. Жалтарып, бағытты өзгертіп жүгіру дағдысын дамыту. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)	Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар..." дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды. Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншыларынан өзіне көп қосып алса, сол топ ойында жеңеді. "Кім жоғары?" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Белгі бойынша балалардың жер деңгейінен жоғары тұрған заттардың үстіне шығып алу қабілетін дамыту. "Заттар" ретінде орындықтарды, сатыларды, дінгектерді қолдану. Өз бетімен еркін ойын әрекеті: "Өзеннен өту". Мақсат-міндеттері. Бөрене үстінде түзу және қырындап жүруге жаттықтыру; дене тепе-теңдігін сақтауға бейімдеу. (сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, қоршаған ортамен танысу)			Екі-үш бала ұсталған соң, тәрбиеші "Бір, екі, үш!" деп санағанша, балалар жылдам түрде шеңбер құрып тұра қалады. Ойын қайта басталады. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, қимыл-қозғалысты дамыту. Мақсат-міндеттері. Жүру және жүгіру техникасын пысықтау. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				

Түскі ас	Гигиеналық дағдылар Балаларға қолын жуар алдында жеңдерін түруді, суды жан-жағына шашыратпай бетін жууды үйрету; дәретханадан кейін және қажет болғанда қолды жууды үйрету. Көркемсөз Дос бол сабын, сумен сен, Жии-жиі жуын сен, Танертен де кешке де, Жуын күндіз, кешке де, Жуын күндіз, түсте де, Жуын тамақ алдында, Жуын тамақ соңында, Жуын ұйықтар алдында, Жуын ақ таң атқанда. (мәдени-гигиеналық дағдылар, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	«Айна» ертегісін оқып беру, балаларды ұйықтату. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. «Қайық». Төсекте ішпен жату, қолды иекке таяп қою, жартылай тұрып оңға-солға тербелу. «Кемпіркосақ». Төсекте арқамен жату, аяғымен ауада шеңбер сызу. «Тышқандар». Массажды кілемшеде аяқтың ұшымен және өкшемен тұрып айналу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дене шынықтыру, дербес әрекет)				
Бесін ас	Үстел үстіндегі асқа назар аудару; үстел басында отыру әдебі мен тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке жұмыс; әдептілік ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сурет салудан ойын-жаттығу "Үйрек". Мақсат-міндеттері. Балаларға Дымково ойыншығы өрнектерінің элементтерімен үйректің сұлбасын қылқаламның көмегімен безендіруді үйрету. Зейінге жаттығу. "Бірдей екі үйректі тауып ал". Мақсат-міндеттері. Зейін, еске сақтау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Жыл құстары жылы жаққа ұшты. Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті: [ұ], [ү] дыбыстары".	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Көлдерге қонған үйректерді санайық". Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды ғана емес, дыбыстарды да санауға болатынын түсіндіру. Дамытушы жаттығуы. "Құс қайда ұшты? Көрсет." Мақсат-міндеттері. Сөйлеу тілін, кеңістікті бағдарлауды, зейінді дамыту. Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Бұлбұл". Мақсат-міндеттері.		Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Мысық, қораз және түлкі" ертегісі. Мақсат-міндеттері. Балаларды "Мысық, қораз және түлкі" орыс халық ертегісінің мазмұнымен таныстыру. Дидактикалық ойын: "Жыл құстарын тап". Мақсат-міндеттері. Құстардың суреттерінің арасынан жыл құстарын табуды үйрету. Зейін, сөйлеу, еске сақтауды дамыту. Жапсырудан ойын-жаттығу "Көлшіктегі торғайлар". Мақсат-міндеттері. Балаларға шаршыдан шеңберді шығарып қию арқылы торғайдың басы мен денесін жапсыруды, дайын дайындамаларды пайдаланып	Қоршаған ортамен таныстырудан ойын-жаттығу "Тыраулайды тырналар". Мақсат-міндеттері. Балаларды тырнамен таныстыру, тырнаның ерекше қасиеттері туралы түсініктерін кеңейту. "Тірек суреттер арқылы тырна туралы әңгімеле" шығармашылық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың тырна туралы білімдерін ертегі негізінде пысықтау. "Логикалық жұптар" (табиғат құбылыстары) дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Белгілі құбылыстар бейнеленген карточкаларды жинап, логикалық екі карточканы біріктіру; білімдерін жүйелеу; ойлау, еске

	Мақсат-міндеттері. Балаларға жыл құстары туралы түсіндіру; [Ұ], [Ү] дауысты дыбыстар жөнінде ұғымдар қалыптастыру; дауысты дыбыстардың сөздердің құрамында жіңішке және жуан болып естілуін түсіндіру. Қимылды ойын. "Қаздар! Ұшындар!" Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шартына сай қозғалуды үйрету; ойындағы мәтін бойынша диалогке қатысуға, рөлді сөздеріне сай атқаруға жаттықтыру; белсенді қарым-қатынасқа, шапшаңдыққа, зеректікке тәрбиелеу. (дене шынықтыру) Сюжетті-рөлдік ойын. "Асхана". Мақсат-міндеттері. Балалардың асханада жұмыс істейтін мамандар: аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері жайлы білімдерін, әдептілік ережелерін меңгеруді, қоғамдық орындардағы тамақтану әдебін, оларды сақтауға ынталануды бекіту; еңбекті құрметтеуге, әдептілік негізінде қарым-қатынас құруға тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Асхана жиһаздары (үстел, орындықтар), асхана қызметкерлерінің киім үлгілері мен (аспаз, даяшы, кассир, гардероб қызметкері).	Балаларды бұлбұлдың сыртқы көрінісімен таныстыру, бұлбұл туралы түсініктерін кеңейту. Дидактикалық ойын. "Құстар қалай дыбыстайды?" Мақсат-міндеттері. Балаларға құстарды сыртқы бейнесі және дыбыстауы бойынша бір бірінен ажыратуды, тануды үйрету. "Сөздер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту. Ой ұшқырлығын, зейіндерін дамыту; өзара жағымды қарым-қатынасты бекіту. Барысы. Педагог балаларға қандай сала бойынша сөз құрайтындарын айтады. Берілген жағдайда "Отбасы" тақырыбы қарастырылады. Педагог "Отбасы" түсінігіне байланысты сөздердің бірін айтады да, келесі балаға жалғастыруды ұсынады. Егер бала белгіленген уақытта сәйкес сөз тауып айта алмаса, өз өнерін көрсетеді. (сөйлеуді дамыту) Сюжетті-рөлдік ойын. "Отбасы". Мақсат-міндеттері. Балалардың отбасы		торғайдың қанаттарын жапсыруды үйрету. Дидактикалық ойын. "Құстың ұясы". Мақсат-міндеттері. Геометриялық пішіндерден құстың ұясын құрастыруды үйрету. Вариативті компонент. Математика негіздері "Алан мен Дана қонақта". Мақсат-міндеттері. Балаларды 5 санының жасалуымен және 5 цифрымен таныстыру; цифрларды суреттермен сәйкестендіру; 5-ке дейін реттік санау дағдыларын дамыту. Сюжетті-рөлдік ойын. "Үй құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балалардың құрылыс нысандарын тұрғызуға қатысатын мамандар жайлы білімдерін кеңейту, бекіту; еңбексүйгіштікке, жауапкершілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Құрылыс материалдары, қағаз беттері, қара қарындаштар, сызбалар, ойыншық жүк тасымалдаушылар, құрылысқа керек ойыншық саймандар (балға, бұрауыш, кемпірауыз және тағы басқа). Педагог құрылысқа қатысатын мамандар жайлы балалармен алдын ала әңгімелеседі. Балалар сәулетші, инженер-құрылысшы, тас қалаушы, жүк тиеуші, жүргізуші, сияқты мамандардың қызметтік міндеттерін анықтайды. Балалар құрылысқа қатысатын мамандардың рөлін өзара бөлісіп	сақтау қабілеттерін, сөйлеу тілдерін, қиялдарын дамыту; түрлі құбылыстарға қызығушылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Өрттүрлі табиғи құбылыстар бейнеленген суретті-карточкалар. Барысы. Балалар суреттердегі белгілі табиғат құбылыстарына мұқият қарап, составить логикалық жұптар құрайды. Логикалық жұптар тізбегі мынандай болуы мүмкін: тамшы-жаңбыр; тамшы - шатырдағы мұз тамшысы; тамшы - тұман; тамшы - кемпірқосақ; тамшы - мұз; тамшы - бұлақ; жапырақ - ағаш; жапырақ - бұтақ; жапырақ - гүл және тағы басқа. Сюжетті-рөлдік ойын. "Театр". Мақсат-міндеттері. Ойын барысында балалар мен бірге театрдың маңызы, адам өміріне қандай пайдасы бар екенін анықтау; әртіс, режиссер, оператор, жарық беруші, гардеробшы, капелдинер, костюм бойынша декоратор, суретші, лицейист сияқты мамандар туралы білімдерін бекіту; жағымды қарым-қатынас орнату; мәдениет орындарындағы тәртіп ережелерін пысықтау; сөйлеу мәнерін дамыту; достыққа тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Сахна орны. "Театр" жазбасы; сахна макеті, сахналық қойылымдарға қажет (үй, ағаш, қоршау және
--	--	---	--	---	--

	Барысы. Алдымен педагог балалармен аспаздың адамдар (тұтынушы) тәтті-дәмді тағамдар әзірлеу жұмысы туралы әңгімелеседі. Суреттер көрсетеді, педагогикалық жағдаяттарды шешеді. Алдымен, педагог балалармен бірге белгілі тағамдар тізімін, ас мәзірін құрастырады. Ол үшін педагог пен балалар кешкі уақытта журналдардан ойында пайдаланатын түрлі тағамдардың фотосуреттерін қиып алады. Педагог адамдар келгенше жұмысшылардың жұмысын бақылауда ұстайды (балалардың орындарында отырып). Барлық тағамдар дайын болғаннан кейін, балаларды (тұтынушыларды) ас бөлмесіне шақырады. Келушілерге даяшы ас мәзірін ұсынады, балалар тапсырыс береді, аспаз ас әзірлеуді көрсетеді, даяшы балаларға асты әкеліп, "төлем" қабылдайды. Балалар "даяшы", "мәзір", "тағам" сияқты жана сөздерді айту керек. Педагог ойын барысын өзі түзетеді, балалардың әрекетін белсендіру үшін қосымша сұрақтар қояды, Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: адамдар дәмді, әсем безендірілген тағамдардан	мүшелері туралы түсініктерін бекіту; отбасы мүшелерінің жанұядағы рөлін пысықтау; үлкенге құрмет сезімдерін, жақынына сүйіспеншілікке тәрбиелеу. Керекті құрал-жабдықтар. Отбасы мүшелеріне қажет заттар: көзілдірік, ыдыстар, алжапқыш, кітап, газет, сыпырғыш, шелек пен орамал, ойыншықтар, ойыншық тұрмыстық техника және тағы басқа. Барысы. Балалар отбасы мүшелерінің рөлдерін өзара бөлісіп алады да, өздеріне қажет киімдер мен құралдарды алып, өз орындарына барады. Педагог балалармен қойылымда қандай оқиға көрсетілуі керек екенін бірге анықтайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. (математика негіздері, қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)		алады; өздеріне қажет киімдер мен құрал-жабдықтарды алып, өз орындарына барады. Педагог балалармен бірлесіп, ойынды сәулетші бастайтынын айтады. Балалар жүк тиеуші, жүргізуші, кірпіш қалаушы мен инженер-құрылысшының жұмыстарын орындайды. Педагог диалог барысында ойыншылар арасындағы сөйлеу тізбегін, әдептілік ережелерінің сақталуын реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. Педагог балармен бірге қорытынды жасайды: салынған үйдің сапасы жақсы болу үшін, құрылыс мамандарының бірге кеңесуі; жұмысты жоспарға сәйкес орындауы; үй тұрғызуда қауіпсіздік ережелерін қатаң сақтауы. (көркем әдебиет, жапсыру, математика негіздері, құрастыру, сөйлеуді дамыту)	мүмкіндігіне қарай перделер және тағы басқа), кейіпкерлердің костюмдері, кейіпкерлер қолына ұстайтын құралдар. Барысы. Педагог балалармен бірге театрда қандай қойылымдар қойылатыны жайлы суреттерді қарастырады, көрермендер мен әртістер арасындағы айырмашылықтарды анықтайды. Көрермендер алдында қойылым орнында режиссер, дыбыс режиссері, оператор, жарық беруші, костюм әрлеуші, суретші, әрлеуші сияқты мамандар еңбек ететінін айтылады. Балалар әр маман сахналық қойылымға дайындық алдында қандай қимыл-қозғалыс орындайтынын жаттығулар арқылы көрсетеді. Кейін балалар белгілі рөлдердің қайсын орындағысы келетін тілектерін білдіреді, орындарына орналасады. Әртістерді біріктіру үшін педагог алдымен режиссер қызметін өзіне алады, белгілі ертегі сюжетін тандайды. Педагог ойын барысын сөз тіркестерімен сүйемелдейді, ойыншыларға қосымша сұрақтар қояды, ары қарай ойын тізбегінің жалғасуына ықпал етеді . Соңында педагог балалармен бірге қорытынды жасайды: сахналық қойылымдар көрермендерге қызық болу үшін, тек қана әртістер емес, сонымен қатар басқа да көптеген мамандар қызмет етеді; еңбекті бағалау керек; театр - әдептілік ережелері сақталатын мәдени
--	---	---	--	--	---

	дәм тату үшін, асхана жұмысшылары тынбай еңбектенеді; "рақмет", "өтінемін" сөздерін қолдану, дастарқан басында шуламау, асты дұрыс шайнау, асхана құралдарын дұрыс қолдану, адамның қоғамдық орындарда ережелерді орындауы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Вариативті компонент. Құрастыру "Жолдағы серігің". Мақсат-міндеттері. Балаларға құрамында: цилиндр, тақтайша, призма, кірпіш, текше бар құрылыс материалдары жинағынан жеңіл көлікті құрастыруды үйрету; көліктің бөліктерін атай білу; көлік және оның түрлері туралы, көлікті қандай мақсатта қолдану керектігі туралы түсініктерін дамыту. Дидактикалық ойын: "Көліктің қолдану мақсатын тап". Мақсат-міндеттері. Балалардың көлік туралы білімдерін кеңейту; көліктің қандай мақсатта қолданылатынын анықтай білу іскерліктерін жетілдіру. (сурет салу, сөйлеуді дамыту, дене шынықтыру, құрастыру)				орындардың бірі. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Балалармен жеке жұмыс	«Сықырлы суреттер». Мақсат-міндеттері. Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейін,	«Танып ал да, атын ата». Мақсат-міндеттері. Заттың түр-түсін, пішінін, атын атауға жаттықтыру;		Тыныс алу жаттығуы: «Мен құйынмын». Мен құйынмын, құйынмын, Шаң тозаңды үйірдім.	Дидактикалық ойын "Құстарды көлеңкесінен таны". Мақсат-міндеттері. Баланың зейін қабілетін дамыту,затты

	қабылдау үрдістерін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі сурет қиындылары. Ойынның мазмұны: балалар алдарындағы үлгі бойынша қиындылардан сурет құрайды. Сурет бойынша әңгіме құрауды ұсыну. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі)	сөздік қорын молайту; ойлау қабілетін дамыту. Ойынның құрал-жабдықтары: әртүрлі ойыншықтар немесе суреттер. Ойынның мазмұны: балаларға әртүрлі ойыншықтарды көрсету. Ортаға бір-бір баладан шақырып, бір ойыншықты алып, оның түр-түсін, пішінін, қасиетін анықтауды және сол ойыншық жайлы әңгіме құрауды немесе тақпақ айтып беруді ұсынады. (математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)		Ү-ү-ү-ү-ф! Кездескеннің барлығын Ұшырамын деп шүйілдім. Ү-ү-ү-ү-ф! Өлең жолын тәрбиеші айтады, әр екі жол сайын балалар тыныс алу жаттығуын жасайды. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)	сөзбен сипаттауды, ұқыптылыққы үйрету. Құстардың суреттерін құстардың көлеңкесімен сәйкестендіреді. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
Серуенге дайындық	Мақсаттары: - киімді дұрыс бүктеуді, ілуді, аяқ-киімді түзу қоюды әдетке айналдыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс киінуге (шешіне) дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, сырт киім, аяқ-киім сияқты заттардың орындарын білуге, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуді, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Серуенге қызығушылықтарын ояту. "Жыл құстары" тақырыбында жеке әңгімелесулер. (дербес әрекет)				
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (коммуникативті дағдылар, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. "Ас атасы - нан" тақырыбында әндер жаттау, тыңдау. Аспаптармен танысу, ойындар. Қазақтың ұлттық күйлерін тыңдату. Ертеңгілікке дайындық. (музыка) Өнер бұрышында "жыл құстары" тақырыбында мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Теартлық қойылымдар. «Табиғат балалардың дүниетанымын, тіл байлығын дамыту. - Табиғат дегеніміз не? Табиғат – жер, тау, ағаш, су, орман, өсімдіктер мен жан-жануарлардан тұратын қоршаған орта. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет) Еркін ойындар.				

Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес. "Балалардағы агрессивті мінез-құлықтың бастаулары".	Кеңес: "Ата-аналар дүкеннен баланың ұнатқан ойыншығын сатып әпермеген кезде өзін қалай ұстау қажет?"		Ата-аналарға кеңес: "Баланың үйдегі іс-әрекетін балабақшаның күн тәртібіне сәйкес ұйымдастыру".	«Бүгін біз не үйрендік?» ата-аналармен сұхбат жүргізу.
---	---	--	--	---	--

30.10 - 03.11.2023ж.

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы көрінісін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Әңгімелесу. Ата-аналарға балабақшаға уақытында келуді ескерту. Ата-аналарға балалардың тазалықтарын қадағалауды ескерту.				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	"Бөлме өсімдіктеріне бүріккіш пистолеттен су бүрку". Мақсат-міндеттері. Жаңа еңбек дағдыларын үйрету; балалардың жапырақтарға ылғалдың қажеттігі туралы түсініктерді бекіту; өсімдіктерге ұқыпты қарауға тәрбиелеу. Балаларға өсімдіктерді суару қажеттілігін өз бетінше анықтауды үйрету (топырақтың түсі мен күйіне, өсімдіктің пайда болуына байланысты), суару техникасын еске түсіру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, сурет салу)	"Кір сүлгілерді ауыстыру". Мақсат-міндеттері. Еңбекке тұрақты қызығушылықты сақтау, тапсырманы мұқият орындауға ұмтылу. Сүлгіні ілгішке іліп қоюды үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Шешіну бөлмесінің шкафындағы тәртіп". (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттері. Балаларға жеке шкафтарында тәртіп сақтауды үйрету; шкафты киім мен аяқкиімнен босату, сөрелерді дымқыл шүберекпен сүрту және киімді ұқыптылықпен бүктеп, орнына жинап қою. Еңбекқорлықты, тәртіпті көре білуді, ұжымда бірлесіп еңбек етуді үйрету. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)	"Орындықтарды жуу". Мақсат-міндеттері. Балаларға тәрбиешінің көмекшісіне көмектесуге, топтық бөлмедегі орындықтарды таза ұстауды үйрету: оларды дымқыл шүберекпен сүртуді; орындарына қоюды үйрету. Еңбек дағдыларын дамыту, жұмыс кезінде мәдени-гигиеналық талаптарды сақтау қабілетін қалыптастыру. Ересектерге көмектесуге ынталандыру, олардың жұмысын құрметтеуге тәрбиелеу. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары, дербес әрекет)	"Біз топ бөлмесінде және жатын бөлмесіндегі терезе алдындағы тақтайды дымқыл шүберекпен сүртеміз". Мақсат-міндеттері. Балаларға сумен жұмыс істегенде келесі ережелерді сақтауды үйрету: жеңді түру, шүберекті сулау, құрғатып сығу, кірлегенде сумен жуып-шаю. (сөйлеуді дамыту, еңбек дағдылары)
	ҚР. Гимнін орындайды. Міндеттер. Балаларды патриоттық тәрбиені қалыптастырады.	Үстел ойыны. «Сурет бойынша жинастыр». Мақсат-міндеттері. Қолдың ұсақ	«Бұлт неге ұқсайды?» Мақсат-міндеттері. Өртүрлі заттар мен жануарлардың сыртқы бейнесін табуды	«Мысық пен тышқан». Тышқан қашты мысықтан, (еденде саусақтармен қашады) Жылдамдатып жүгірді. (жылдам	«Жұбын тап». Мақсат-міндеттері. Балалардың ақыл-ойын, тілін дамыту, зейінді болуға тәрбиелеу.

	(музыка) Саусақ жаттығуы 1. Шынжыр. Оң және сол қолдың бас бармағы мен балаң үйрек саусағын түйістіру, оларды өзара айқасытру, шынжыр жасау. 2. Піл: оң қолдың алақаны жайылып тұрады. Сол қолдың саусақтары бас бармақ пен кішкене бөбек артқы аяғы болса, балаң үйрек пен шылдыр шүмек алдыңғы аяқтар, ал ортаңғы саусақ пілдің тұмсығы болады. 3. Доп: алақандар бір-біріне жабысады. (доп пішінін жасайды) 4. Гүл: қолдар, саусақтар жоғары қарайды. Алақандар айшанақпен қосыла түптері өзара жанасады. Саусақтар ашылады. Осы жаттығуларды орындай отырып, мына өлең жолдарын айтады. Саусақтар шынжыр болады, Үзілмейді тартсаң да, Ал, піл келіп шынжырды, Үзіп кетті басқанда. Тұмсығымен доп іздеп, Ойнағысы келіп тұр. Достық үшін пілге мен, Гүл сыйлағым келіп тұр. (сөйлеуді дамыту) "Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көгөністер). Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық	моторикасын жетілдіру. (танымдық дағдылар) Көркем сөзді мәнерлеп оқу жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балалардың көркем сөзге қызығушылықтарын арттыру; мәнерлеп оқуға ынталандыру. Тәттісін-ай, мына жеміс-жидектің, Сүйсініп-ақ жейміз оны тәбетпен. Сүт ботқасын таңғы асқа береміз. Денсаулыққа пайдалысы-ет екен Ұннан піскен бауырсағым, бәлішім, Тәттілерім дастарқанның сәні шын. Жеміс-жидек дәруменге бай екен, Ең дәмдісі піскен тәтті нан екен. Д. Бұланбаева. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу) "Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға әртүрлі табиғат құбылыстары бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді. Педагог балаларға жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді жылдам тауып алу керектігін айтады. Жаңбырдың қалай пайда болғанын бейнелейтін суреттер тізбегіне қарап, балалар педагогпен бірге жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді. Құралдары: суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар жауыны, бүршіктің атқаны, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	жүгіреді) Орын тапты қуыстан, (екі қолының саусақтарын айқастыра жұдырықтайды) Зәресін мысық ұшырды. Қарады мысық тесіктен, (көздерімен жан-жаққа қарайды) Тышқанға: «Бері шық!» - деді. (қабағын түйеді) Еденді ұрды «Тук-тук!» деп, (айқасқан жұдырығымен еденді ұрады) Тырналады, кетпеді. (еденді тырналайды) Былай-былай тартады. (айқасқан жұдырығын екі жаққа тартады) Бұза алмады қамалды. Амалы құрып мысықтың, Үйіне қарай қайтады. Қуанып тышқан есікті, (айқасқан жұдырығына қарап үрлейді) Жәй ғана кеп үрледі. «Алақай, есік ашылды!» - деп, (қолдарын айқара ашады) Ініне қашып үлгерді. (еденде қайта жүреді) (сөйлеуді дамыту)	Ойын атрибуттары: жемістер мен өккөгөністерге байланысты текшелер. Ойынның барысы: ойынға 3-4 бала қатысуға болады. Балалар суреті бар текшелерді (доминоны) бөліп алады да, қызықты ойын бастайды. Атаы аталған бала текшені бірінші болып қояды, қалған балалар қойылған суретке байланысты өздерінде бар текшелерді рет-ретімен қояды. Кімнің қолындағы текше бұрын бітсе, сол бала жеңіске жетеді. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар) "Көгөністі ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту; көгөністер мен жемістердің денсаулыққа пайдасын туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру, сұраққа толық жауап беруге ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
--	---	---	---	---	--

	пішіндер туралы түсініктерін пысықтау; ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көгөністердің кескіндері. - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.) - Алдарындағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көкөністерді атайды.) - Оларды қандай сөздерге біріктіреміз? (Жемістер, көгөністер.) - Суреттегі көгөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен жауып қойыңдар. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, математика негіздері, құрастыру)				
Ертеңгілік жаттығу	Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, екіге бөлінген секірмежіп төменде. 1-2 секірмежіпті жоғары көтеру, аяқтың ұшымен тұру. 3-4 бастапқы қалып: аяқ арасын сәл ашып тұру, секірмежіп төменде. 1 оң жаққа бір қадам жасап, секірмежіпті жоғары көтеру. 2 оңға иілу. 3 тік тұру, секірмежіпті жоғары көтеру. 4 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: негізгі тұрыс, секірмежіпті екі бүктеп ұстап, төмен түсіріп тұру. 1-2 отыру, секіртпені жоғары көтеру. 3-4 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: аяқтың арасын алшақ қою, секірмежіп иықта. 1 денені оңға бұру. 2 бастапқы қалып. Бастапқы қалып: аяқты сәл ашып, секірмежіпті арт жаққа ұстап тұру. Секірмежіпті алға қарай айналдырып, біраз үзіліс жасап, екі аяқты ауыстыру, бір				

	орында екі аяқты бірге қосып секіру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық, шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, ауыздағы асты асықпай шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тәртіп сақтау) Біздерде бар қасықтар Сиқырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оған түзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Көгөністер дүкені" тақырыбына әңгімелесу. Мақсаты-міндеттері. Балалардың көгөніс дүкені жайлы түсініктерін нақтылау, сөйлеу тілін белсендіру: көгөністер мен жемістерді, сатушы мен сатып алушының әрекеттерін нақтылайтын етістіктерді, сапалық сын есімдерді атау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	«Сәлемдесу». Балалар екі-үш жұп құрап тұрады. Әртүрлі елдің адамдарының сәлемдесу рәсімін көрсетеді. (сөйлеуді дамыту)	"Жыл мезгілдері" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері жайлы білімдерін бекіту, мезгілдік өзгерістерді талқылау. Құралдары: жыл мезгілдері туралы суреттер. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен танысу)	Күздің кереметі тақырыбындағы суретке қарап әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	"Жомарт күз" тақырыбын пысықтау, тақпақ айту, жұмбақтар жасыру. (сөйлеуді дамыту)
Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Кедергілерден секіру". Мақсат-міндеттері. Бір қатарға қойылған (5 м) кеглилердің арасымен оң және сол аяқпен кезек-кезек секіру дағдысын үйрету.	Қазақ тілі "Не, қалай дыбыстайды? Үй жануарлары мен төлдері. Ақырын - қатты". Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарлары туралы түсініктерін кеңейту, үй жануарлары төлдерінің атауларымен таныстыру; "қатты - ақырын" қимыл-әрекетінің белгілері жайлы түсініктерін қалыптастыру. Музыка "Күз әуені". Мақсат-міндеттері. Балаларды әннің сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру;	Дене шынықтыру "Кедергілерден сүрінбей өтіп көр". Мақсат-міндеттері. Балаларға қимылды ойындар арқылы түрлі бағытта жүгіруді; допты екі қолымен ұстап, бастан асыра кедергінің үстінен лақтыруды үйрету.	Музыка "Жомарт күз". Мақсат-міндеттері. Балалардың әннің сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысына үйрету.	Дене шынықтыру "Озамын десең - зерек бол". Мақсат-міндеттер: балаларды қатарға бір-бірден сапқа тұруға; 1-1,5 минут ішінде баяу қарқынмен үздіксіз жүгіруге үйрету.

		музыкалық жетекшімен бірге ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; дауыс жаттығуларын орындау кезінде дұрыс ән айту дағдысын үйрету.			
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Топырақты бақылау. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, көркем әдебиет, қоршаған ортамен танысу, сурет салу) Мақсат-міндеттері. Ауа райына байланысты топырақтың қасиеті әртүрлі болатынын көруді үйрету. Такпақ. Асқаржан Сәрсекөв «Күзгі көрініс». Күздің салқын самалы Аймалайды маңдайдан. Алып қашып барады Жапырақты сарғайған. Тыныстаған ырғалып Бақ-бау қандай, гүл қандай? Сары қыздар сырласып, Сыбырласып тұрғандай ... Бақылау: ауа райына байланысты топырақтың қасиеті әртүрлі болатынын көруді үйрету. Топырақ жылы, күн көзіне қызиды, тобарысып жатады; қара, тып-тығыз, ылғалды. Ауа райының суытуына байланысты жердегі топырақ суып кетеді, оны күрекпен қазу қиын болады, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, ол үзіліп қалады. Қимылды ойыны: «Тауық пен балапандар». (дене	Бірінші қатқақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Сыртқы белгілерге қарап, ауа райын анықтауды үйрету. Табиғатта болып жатқан өзгерістерді (қатқақты) бақылау, күзгі ауа райымен салыстыру. Такпақ. Х. Тағаров «Алтын күз». Дәнге толып қызыл қырман, Қырман басы қызыл думан. Мөлдіретіп жүзімдерін, Келді алтын күзім менің. Молшылық күз – береке күз, Береке күз – мереке күз. Қимылды ойын. «Балалар бақшаға шықты» (поляк ұлттық ойыны). Жануардың рөлін таңдау және олардың қимыл-қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу. "Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп,	Шалшық судың бетіндегі үлдір қабыршағын бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Мұз бастапқыда мөлдір, жұқа шыныдай нәзік болады. Температураның төмендеуі кезінде су мұзға айналуын ескеріп, жалпы қорытынды жасау. Жұмбақ. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (Мұз.) Тәжірибе: «Шалшықты айналып өту». Қимылды ойын. «Өзіне жұп табу». (дене шынықтыру) Белгі бойынша ойын барысында алаңда орын ауыстыру, өз жұбын табу. Еске сақтауды, қимыл жылдамдығын жетілдіру. "Мысық пен тышқан" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға ойын шартына сай ойнауды үйрету, рөлді дәл атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	Желді бақылау. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға желге, жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға жапырақтар, жалаулар мен бұтақтарға қарап, далада желдің барын немесе жоғын байқауға шақырады. Балалар желді қатты соғып тұрғанын немесе баяу есіп тұрғанын айтады. "Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығу. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың кеңістікті (жазықтықты) бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойды дамыту. Құралдары: сюжетті суреттер (суреттергі жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр). - Суреттерге мұқият қарайық, далада желдің барын немесе	Ересек балаларды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Ересек балалардың (мінез-құлықтарын, ойындарын), киіміне назар аударуды, киім түрлерін, әрқайсын өз атауларымен атауды (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім және ауа райы арасында байланыс орнатуды үйрету. Ересек балалар арасында мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Балдырған баламыз, Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да. Достар бір-біріне Сенімді боламыз. Екі деген екі дос Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын. Қимылды ойын. «Ақ аюлар». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, қарапайым өзара қарым-қатынас қабілетін қалыптастыру. "Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларға

	шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Екі тіреуіштің аралығына байлаған арқанның астына өту дағдысын бекіту; әртүрлі қимыл-қозғалыстарды орындай отырып алаң бойымен (отырды, жем іздеді, жем шоқыды) орын ауыстыруға қадағалау, белгі бойынша әрекет жасап, өз орындарын табуға, икемді болуға үйрету. Еңбек: ұжымдық тапсырмаларды орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойналатын ойындар: әртүрлі ойындарды ойнауға қызығушылықты дамыту.	жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншы жете алмайтындай тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, "бояушы" сұраған кезде ғана өзі ойлап қойған түсті естіп, ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келгенде "бояушының" қандай түсті таңдағанын анықтайды. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сәйкес шапалақтайды, "бояуды қуалап" кетеді. Егер "бояу қашып" қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта келеді. "Бояу" ұсталынса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. Еңбек: қыстыгүні тотыларды қоректендіру үшін бұтақтарды жинау.	Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер жасап, мына сөздерді айтады: Мысығымыз момықан, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолды жоғары көтеріп, "тышқан" үшін ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарды төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарын көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын реттеп тұру керек. "Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады. Еңбек: ағаштардың қасына түскен бұтақтарды жинау. Берілген жұмысты жауапкершілікпен атқару. Өз бетімен ойналатын ойындар.	жоғын анықтап көрейік. Далада жел бар болса, оның қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік. Балалардың жауаптары: - Бірінші суретте жел сол жаққа қарай соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа қарай соғып тұр. "Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үйлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады. Педагог: - Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, қайда ұшасыңдар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді сол жаққа! Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіруге ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. Педагог алаңның шетіне "қасқырлардан қауіпсіз" орынды балаларға алдын ала сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталған сайын, "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саналады. Ойыншылардың	бағытты ауыстырып, шеңберден шеңберге екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту. Еңбек: сырғанау жолын әзірлеу. Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келгенінше көмек көрсетуге тәрбиелеу. Өз бетімен ойындар: ересек балалармен бірлескен ойындар. Жүргізуші рөлін өз мойнына ала білуді қалыптастыру; белсенділікке, дербестікке тәрбиелеу. Балалардың бастамашылдығын ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, ойын тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу.
--	---	--	---	---	--

		Бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу. Табиғат бұрышының мекендеушілеріне сүйіспеншілікті арттыру. Өз бетімен ойналатын ойындар: ойын таңдауда, ойға алғанын іске асыру дербестігін дамыту, белсенді болу.	«Зырылдауықтармен ойын». Балаларды ойынға қызықтыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	қабілеттері бағаланады. "Кім қапшықты алыс лақтырады?" кимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды үйрету. Еркін ойындар: шығарылған материалмен алаңдағы ойындар, кимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау. Мақсат-міндеттері. Зымыранды қарсылас жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру.	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін жинау, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Түскі ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық, шай қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тиянақтылық қажеттілігі.) Біздерде бар қасықтар Сикырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оған түзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				
Түскі ұйқы	Релаксацияға арналған жаттығу: "Менің көзім". Мақсат-міндеттері. Тыныш ұйқыға қолайлы жағдай жасау.				
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Жалпақтабандықтың алдын алу мақсатында денсаулық жолдарымен жүру. Алған білімдерін бекітіп, мәдени-гигиеналық дағдыларын орындау. «Қайық». Төсекте ішпен жатып, қолды иекке таяп қою, жартылай тұру, оңға-солға тербелу. «Кемпіркөсақ». Төсекте арқамен жату, аяғымен ауада шеңбер жасау. «Тышқандар». Массаж кілемшесінде аяқтың ұшымен және өкшесімен айналып тұру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Бесін ас	Дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыруды жалғастыру: асхана құралдарын дұрыс қолдану (ас қасық, ша қасық, шанышқы); майлықты ұқыпты пайдалану; нанды үгітпей жеу, асты ауызды жауып шайнау, тамақ ішіп отырғанда сөйлемей; әдепті болуға тәрбиелеу (ас үшін алғыс білдіру, тазалық пен тәртіп сақтау.) Біздерде бар қасықтар Сикырлы екен құралдар. Қолға қасық аламыз. Дәмді астан аламыз. Осы сөздерден кейін балалар таңғы астарын ішеді. Тамақтану кезінде тәрбиеші балалардың орындықта дұрыс отыруын қадағалайды. Бала орындықта дұрыс отырмаса, оған түзу отыру керектігін айтуға болады. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, көркем сөз)				

Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Балалардың қолынан көрек іздеген тиіннің суреті бойынша әңгіме құрастыру". Мақсат-міндеттері. Балаларға сурет бойынша әңгіме құрастыруды түсіндіру; суретті сипаттауда, сол суреттегі оқиғаларға қатынасын білдіру үшін, өз ойын айту түсіндіріп амалдарымен таныстыру. Қимыл-қозғалыс ойыны. «Мысық пен тышқан». Мақсат-міндеттері. Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа үйрету. Құралдар: мысық пен тышқанның маскасы. Ережесі: балаларды шеңберге тұрғызып, араларынан мысық пен тышқанды белгілеп, мысық тышқанды қуады, тышқан мысықтан қашады. Тышқан ұсталып қалса, балалар ауысып, ойын басынан бастап ойналады. (дене шынықтыру) "Жаңбыр қалай пайда болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жаңбыр туралы түсініктерін кеңейту; қоршаған ортаның заңдылықтарына қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға әртүрлі табиғат құбылыстары	Сурет салудан ойын-жаттығу "Үлкен және кішкентай қарбыздар". Мақсат-міндеттері. Балаларды суреттің бояудың бетіне шығуы деп аталатын сурет салу әдісімен таныстыру; бормен көлемдері әртүрлі дөңгелектерді салып, ішін тіке жатқан ирек сызықтармен безендіріп, қылқаламмен дөңгелек сұлбасының бойымен, үстінен жасыл бояумен бояу техникасына үйрету. «Дауысына қарай ажырат» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың үй жануарларының дауыстары жөнінде білімдерін тексеру және жетілдіру. - Балалар, мен сендерге әртүрлі дауыстарды саламын, ал сендер сол дауыс қай жануардың даусы екенін табасыңдар. (қоршаған ортамен танысу, қазақ тілі) "Айналамыздағы геометриялық пішіндер" дамытушы ойыны (жемістер мен көгөністер). Мақсат-міндеттері. Балалардың жеміс пен көгөністер, геометриялық пішіндер туралы түсініктерін пысықтау;	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Күзгі орманның ғажайыптары". Мақсат-міндеттері. Балаларға түсініктер беру. Сюжетті-рөлдік ойын. "Супермаркет". Мақсат-міндеттері. Балаларды өз ойын жоспарын құрдастарының жоспарларымен үйлестіруге үйрету, ойын барысында рөлдерді өзгерту. Балаларды қоршаған ортадағы өмір туралы білімдерін ойындарда кеңінен қолдануға шақыру; диалог сөйлеуді дамыту. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Вариативті компонент. Құрастыру "Жолдағы серігің". Мақсат-міндеттері. Балаларға құрамында: цилиндр, тактайша, призма, кірпіш, текше бар құрылыс материалдарының жинағынан жеңіл көлікті құрастыруды үйрету; көліктің бөліктерін атау; көлік және оның түрлері туралы, көлікті қандай мақсатта қолдану керектігі туралы түсініктерін дамыту. "Қарама-қарсы сөз" атты "жұптар айтысы" жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды қарама-қарсы мағынадағы сөздер жұптарын құруға	Көркем әдебиеттен ойын-жаттығу "Кішкентай бағбан". Мақсат-міндеттері. Балаларды «Кішкентай бағбаншы» әңгімесімен таныстыра отырып, әңгімеде кездесетін көркем сөздердің мағынасын түсіндіру. Құрастырудан ойын-жаттығу "Күзгі ағаш". Мақсат-міндеттері. Балаларды қағаз бетінде ағаш діңі мен ұшар басы салынған суреттің үстіне макарон өнімдерін өздері қалаған жерге орналастырып, құрастыруды үйрету. Дидактикалық ойын. "Күзде не болады?" Мақсат-міндеттері. Күз мезгіліндегі табиғи құбылыстарды ажыратуды үйрету. "Көгөністі танып, атауын ата" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың сөздік қорын байыту; денсаулық үшін көгөністер мен жемістердің пайдасы туралы түсініктерін қалыптастыруды жалғастыру, толық жауап беруге ынталандыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) "Не артық?" дамытушылық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға заттарды шарттарда берілген белгілер бойынша жіктеуге машықтандыру; ойлау қабілеттерін дамыту. Құралдары: әртүрлі заттар мен ойыншықтар немесе заттық сурет-карточкалар.	Мүсіндеуден ойын-жаттығу "Жемістер". Мақсат-міндеттері. Балаларды жемістердің негізгі пішінін, алма, алмұртқа тән ерекшеліктерді беруге, бөлшектерді саусақтың және кескіштің көмегімен келтіре отырып, екі қолмен мүсіндеуді үйрету. Дидактикалық ойын. "Қайсы үлкендеу?" Мақсат-міндеттері. Зерттелетін заттың пішіні мен көлеміне назар аудара отырып, сын-сипатын байқауды және атауды үйрету. Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Бақшадағы мол өнім". Мақсат-міндеттері. Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде бақшада өсетін көгөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту. "Жемістер-жидектерді және көгөністерді топтастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға жеміс-жидектер және көгөністердің атауларын еске сақтауды, оларды көлемі, пішіні, түсі, дәмі, ішкі құрылысына қарап анықтауды үйрету. "Кім көп атайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Сөздік қорларын етістіктермен молайту, мағынасына сәйкес етістіктерді таңдау. Педагог балаларға көгөністер мен жемістерді өсіру, баптау, жинау әрекеттері жайында әңгімелеуді ұсынады. Құралдар: жемістер мен
---	---	---	---	--	--

	бейнеленген суреттерді қарастыруға уақыт береді. Содан кейін жаңбырдың қалай пайда болатынын бейнелейтін суреттерді тез тауып алуларын сұрайды. Жаңбырдың қалай пайда болғаны бейнеленген суреттер тізбегіне қарап, балалар педагогпен бірге жаңбырдың пайда болуын әңгімелейді. Құралдары. Суреттер: жел, ақ бұлттар, сұр бұлттар, жаңбыр, тұман, теңіз, қар жамылған таулар, кемпірқосақ, қар ұшқындары, бүршік ату, жапырақтардың түсіп жатқаны, қардың еріп жатқаны.	ойлау, қабылдау, зейін қабілеттерін жетілдіру. Құралдары: шеңбер, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш сияқты пішіндер; жемістер мен көгөністердің кескіндері. - Балалар, қандай геометриялық пішіндерді білесіңдер? (Дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш.) - Алдарындағы суреттерде салынған заттарды атап көрейік. (Балалар жемістер мен көгөністерді атайды.) - Оларды қандай жалпылауыш сөздермен біріктіреміз? (Жемістер, көгөністер.) - Суреттегі көгөніс пен жемісті өзіне ұқсас геометриялық пішінмен үстін бастырып қойыңдар. (математика негіздері, қоршаған ортамен танысу)	дағдыландыру; сөздік қорды молайту; ойдың шапшаңдығын дамыту. Құралдар: қамшы, доп немесе жұптар арасында жүретін зат (жалау). - Балалар, қарама-қарсы мағынадағы сөздердің жұптарын айту үшін айтыс жариялайық. - Қамшының сабын екі баланың қайсын нұсқап көрсетсем, сол бала айтысты бастап, мағынасы қарама-қарсы мағынадағы сөзді айтуы керек. - Білмеген балаға білетін бала көмек беріп, айтысты әрі қарай жалғастырады. Бастаймыз! - Жакын - алыс. - Үлкен - кішкентай. - Ұзын - қысқа. - Қорқақ - батыл. - Зұлым - мейірімді (пантомима арқылы көмектесуге болады). - Баяу - жылдам. - Астында - үстінде. - Артында - алдында. - Биік - аласа. - қатты - жұмсақ - Ауыр - жеңіл. - Сол жақ - оң жақ. Күрделенуі: жаттығуды жылдамдыққа ойнауды ұйымдастыруға болады. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	Педагог әртүрлі заттарды немесе суреттерді төртеуден тізбекке қояды. Әрбір төрт зат немесе суреттің арасында біреуі артық болып саналады. Артығын табу үшін балалар төрт заттың арасынан бәріне ортақ қасиеті жоғын іздеп табады, дауыстап айтады. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)	көгөністерді өсіру үшін адамның қалай еңбектенетіні туралы суреттер. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Балалармен жеке жұмыс	«Тәулік бөліктері». Мақсат-міндеттері. Тәулік бөліктері жайлы білімдерін бекіту; тәулік бөліктерін атау, бір-бірінен ажырату дағдыларын жаттықтыру.	Дидактикалық ойын (коммуникация). «Тіл туралы ертегі» - артикуляциялық гимнастика Мақсат-міндеттері.	Дидактикалық ойын (таным, сенсорика). «Қуыршақтарға моншақтар алыңдар». Мақсат-міндеттері. Үлгі бойынша түс таңдау.	Дидактикалық ойын. "Сиқырлы "- н"әрпі" Мақсат-міндеттері. Балалардың "н" дыбысын дұрыс айтуын қадағалау. Балалар "н" әрпі бар сөздерді	Дидактикалық ойын «Фотоаппарат». Мақсат-міндеттері. Ассоциативті ойлауды, ерікті зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді дамыту. Ойын материалдары мен көрнекі

	Ойынның құрал-жабдыктары: суреттер. Ойынның мазмұны: балалар суретті кезек-кезек алып, тәуліктің қай бөлігі екенін айтады, сол сурет бойынша әңгіме құрайды. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту)	Артикуляциялық аппаратты дамыту. (сөйлеуді дамыту)	Материал: негізгі түстердегі қуыршақтардың фигуралары, әртүрлі мөлшердегі негізгі түстердің шеңберлері. (сөйлеуді дамыту)	айту қажет. Мысалы: аң, таң, мұң, шаң, маң, маңай, маңдай, таңдай, сең, жең, мең, көң және тағы басқа. (сөйлеуді дамыту)	құралдар: лото карталары немесе кез келген басқа суреттер. Сипаттамасы: 5 секунд ішінде балаға карточканы көрсету. Содан кейін оны алып тастаңыз және онда не бейнеленгенін еске түсіруді ұсыныңыз. Егер балаға жауап беру қиын болса, оған сұрақ қойыңыз: қанша, қандай түс және тағы басқа. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Серуенге дайындық	Мақсат-міндеттері: - киімді дұрыс бүктеп жинауға, ілуге, аяқ-киімді түзу қоюға машықтандыру; - өз бетінше жылдам және дұрыс ретпен киіне (шешіне) білуді дағдыландыру; - шкафқа ілінген, қойылған бас киім, киім, аяқ-киім сияқты заттарды өз орындарын біліп, тәртіп сақтауға тәрбиелеу; - ауа райына сай киінгенін қадағалай білуге, киімді, аяқ-киімді таза ұстауға баулу; - көмек көрсете білуге, алғыс айтуға тәрбиелеу. (дербес әрекет)				
Серуен	Топырақты бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Ауа райына байланысты топырақтың қасиетінің әртүрлі болатынын көруді үйрету. Тақпақ. Ескен Елубаев «Күзде». Қайтқан құсты көрдің бе? Қаптай ұшқан әуелеп? Қайтқан күзім келдің бе, Сыңсып бағың мәуелеп? Қамба толды астыққа, Алғыс саған, алтын күз! Бір уыс дән шаштық та, Арба қауын алдық біз! Бақылау: ауа райына байланысты топырақтың қасиеті әртүрлі болатынын көруді үйрету. Топырақ жылы, күн көзіне қызиды,	Бірінші қатқақты бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Сыртқы белгілерге қарап, ауа райын анықтауды үйрету. Табиғатта болып жатқан өзгерістерді (қатқақты) бақылау, күзгі ауа райымен салыстыру. Тақпақ. Х. Тағаров «Алтын күз». Дәнге толып қызыл қырман, Қырман басы қызыл думан. Мөлдіретіп жүзімдерін, Келді алтын күзім менің. Молшылық күз – береке күз, Береке күз – мереке күз. Қимылды ойын. «Балалар бақшаға шықты» (поляк ұлттық ойыны).	Шалшық судағы мұз қабыршағын бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Мұз бастапқыда мөлдір, жұқа шыныдай нәзік болады. Ауа температурасы төмендеген кезде су мұзға айналатынын ескеріп, жалпы қорытынды жасау. Жұмбақ. Отқа жанбайды, Суға батпайды. (Мұз.) Тәжірибе: «Шалшықты айналып өту». Қимылды ойын: «Өзіне жұп табу». (дене шынықтыру) Белгі бойынша ойын барысында алаңда орын ауыстыру, өз жұбын табу. Зейінді, қимыл жылдамдығын жетілдіру. "Мысық пен тышқан"	Желді бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларға желдің соғып тұрғанын жапырақтарға, бұтақтарға, жалауларға, бұлттарға қарап байқауға болатынын көрсету; желдің баяу және қатты соққанын байқауға дағдыландыру; зеректікке, табиғи құбылыстарға қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға жапырақтар, жалаулар мен бұтақтарға қарап, желдің бар не жоғын байқауға шақырады. Балалар желдің қатты соғып немесе баяу есіп тұрғанын айтады. "Жел қайда соғып тұр?" логикалық жаттығуы. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балалардың кеңістікті (жазықтықты)	Ересек балаларды бақылауды жалғастыру. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Ересек балалардың (мінез-құлықтарын, ойыны), киімін бақылауға; киім түрлерін, олардың атауларын атауға (бөрік, бөкебай, қолғап, етік, жылы шалбар және тағы басқа); киім мен ауа райы арасындағы байланыс орнатуды үйрету. Ересек балаларды мейірімді қарым-қатынасқа тәрбиелеу. Балдырған баламыз, Балдырған баламыз, Досты көп табамыз. Қашан да, қайда да. Достар бір-біріне Сенімді боламыз. Екі деген екі дос Бірін-бірі қимайтын. Артық-кемді етпей сөз, Бірін-бірі сыйлайтын.

	тобарысып жатады; кара, тып-тығыз, ылғалды. Ауа райының суытуына байланысты жердегі топырақ суып кетеді, оны күрекпен қазу қиын болады, өсімдікті де жұлып алуға келмейді құрғақ болғасын, ол үзіліп қалады. Қимылды ойыны: «Тауық пен балапандар». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Екі тіреуіштің аралығына байлаған арқанның астына өту дағдысын бекіту; әртүрлі қимыл-қозғалыстарды орындай отырып алаң бойымен (отырды, жем іздеді, жем шоқыды) орын ауыстыруға қадағалау, белгі бойынша әрекет жасап, өз орындарын табуға, икемді болуға үйрету. Еңбек: ұжымдық тапсырмаларды орындау, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Өз бетімен ойналатын ойындар: әртүрлі ойындарды ойнауға қызығушылықты дамыту.	Жануардың рөлін таңдауға және олардың қимыл-қозғалысын дәл келтіре білуге еліктеу. "Бояулар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды жүгіру бағытын өзгертіп, жылдамдықпен жүгіре білуге машықтандыру; қуғыншыға жеткізбеуге тырысуды, ептілікті, қозғалыс жылдамдығын дамыту; достыққа тәрбиелеу. Балалар "бояушыны" санамақ арқылы таңдайды, қалғаны "бояуларды" сомдайды. "Бояулар" белгілі жерде тізіліп отырады (тұрады). Әр бала ешкімге айтпай, өзіне бояу түсін таңдайды, тек "бояушы" сұраған кезде ғана өзі ойлап қойған түсті естіп, бәрі ойынға кіріседі. Педагог (кейін балалардың бірі) "бояуды сатушы" болып, "бояушы" бояуды сатып алуға келген кезде "бояушының" қандай түсті таңдағанын анықтайды. "Бояушы" алақанымен "сатушы" алақанын келісілген санға сай шапалақтайды да, "бояуды қуалап" кетеді. Егер "бояу" қашып қайтып келсе, "бояушы" бояуды сатып алуға қайта	қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартына сай ойнауға, рөлді дұрыс атқаруға бейімдеу; зеректікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, жалтарып жүгіруге машықтандыру; шыдамдылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Ойынға қатысушылар шеңбер құрып тұрады. "Мысық" пен "тышқанды" балалардың қалаулары бойынша немесе санамақ арқылы тағайындауға болады. Ойын басталар алдында кейіпкерлер шеңбер сыртында бір-бірінен алшақ тұрады. Балалардың қалғаны бір-бірінің қолын ұстап, шеңбер құрып жүріп, мына сөздерді айтады: Мысығымыз момақан, Жүреді аулада андамай. Тышқан көрсе - бас салады! Кім тышқанды құтқарады? Осы сөздерді айтып, балалар тоқтайды да "мысық" "тышқанды" қуалап кетеді. Балалар қол ұстасып, қолдарын жоғары көтеріп, "тышқанға" ұяға жол ашып беріп жатады. "Мысық" ұяға кіріп кетсе, ары қарай өткізбес үшін, қолдарын төмен түсіріп, жолды жауып қояды. Ойынға қатысушы балалар өте зерек болу керек, біресе қолдарын көтеріп, біресе түсіріп, "мысық" пен "тышқанның" қуаласпағын	бағдарлай білу қабілеттерін жетілдіру; оң мен сол жақты ажыратуға машықтандыру; объектіге немесе суреттегі объектіге қарап, жел қайда соққанын үстеу сөздерді қосып айтуға баулу; ақыл-ойыны дамыту. Құралдары: сюжетті суреттер (суреттерді жалаулар оң және сол жаққа желпілдер тұр). - Суреттерге мұқият қарап, далада желдің барын не жоғын анықтау. Жел бар болса, қай жаққа соғып тұрғанын байқап көрейік. Балалардың жауаптары: - Бірінші суретте жел сол жаққа соғып тұр. Екінші суретте жел оң жаққа соғып тұр. "Аққу-қаздар" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Белгі сөздерді мұқият тыңдап, ойынға белсенді қатысуға, ойын шартын бұзбауға, қимылдарды үйлестіріп, жылдам жүгіруге бейімдеу; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог қарсы бетіне тұрады. Алаңның ортасындағы екі шетінде (санамақпен таңдалған) екі бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады. Педагог: - Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып, ұшасыңдар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа! Осы сөздерден кейін ойыншы балалар қарама-қарсы жаққа	Қимылды ойын: «Ақ аюлар». (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Ұжымдық тапсырмаларды орындауды үйрету, қарапайым өзара қарым-қатынас қабілеттілігін қалыптастыру. "Шеңберден шеңберге" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бағытты шеңберге ауыстырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру; күш-жігерін дамыту. Еңбек: сырғанау жолын әзірлеу. Ұжымдық тапсырмаларды орындау. Үлкендерге қолдарынан келетін көмектерін көрсетуге тәрбиелеу. Өз бетімен ойналатын ойындар: ересек балалармен бірлесіп ойнау. Жүргізуші рөлін өз мойнына ала білуді қалыптастыру; белсенділікке, дербестікке тәрбиелеу. Балаларды бастамашылдыққа ынталандыру. Ойынға жауапкершілікпен қарауға, тәртібін бұзбай ойнауға тәрбиелеу.
--	--	--	--	--	---

		келеді. "Бояу" ұсталп қалса, оны сомдаған бала "бояушы" болады. "Бояушы" балалар таңдамаған түсті айтса, өзге түсті қалауға мәжбүр болады. Еңбек: қыстыгүні тотыларды қоректендіру үшін бұтақтарды жинау. Табиғат бұрышының мекендеушілеріне сүйіспеншілігін дамыту. Өз бетімен ойындар: ойын таңдауда, ойға алғанын іске асыру үшін дербестігін дамыту, белсенді болуға тәрбиелеу.	реттеп тұру керек. "Тышқан" ұсталып қалса, кейіпкерді ауыстыруға болады. Еңбек: ағаштардың қасына түскен бұтақтарды жинау. Тапсырылған жұмысты жауапкершілікпен атқару. Өз бетімен ойындар: «Зырылдауықтармен ойын». Балаларды ойынға қызықтыру, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.	жүгіруге ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - балаға бір қолын тигізуді білдіреді. Педагог алаңның шетінен балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды алдын ала сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын аяқталғанда "қасқырлар" ұстап алған "қаздар" саны саналады. Ойыншылардың қабілеттері бағаланады. "Кім қапшықты алыс лақтырады?" қимылды ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларда белгі бойынша әрекет ету біліктіліктерін дамыту, оң және сол қолымен қапшықты алысқа лақтыруды, жүгіруді, түсті тануды жаттықтыру. Еркін ойындар: далаға шығарылған материалмен алаңда ойын ойнау, қимыл-қозғалысты дамыту, бадминтон ойнау. Мақсат-міндеттері. Зымыранды қарсылас жаққа лақтыруды үйретуді жалғастыру.	
Серуеннен оралу	Балаларды киімдерін жүйелі шешінуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуді үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Театрлық қойылымдар. (коммуникативті дағдылар, көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту) Музыкалық аспаптармен ойындар. Күз әуенін тыңдау және жаттау. (музыка) Сюжетті-рөлдік ойын "Шағын дүкен". Мақсат-міндеттері. Балалардың ұғымындағы азық-түлік дүкені түсініктерін бекіту, сатушы мен сатып алушы рөліндегі әрекеттерді игеру, мейірімді қарым-қатынас орнатуға тәрбиелеу. Сатушы балалардың қалауымен тағайындалады. Сатып алушылар қажетті құралдар (себет, қолданылатын қажетті құралдарды, қол арбаны, карточканы, тауарды таңдайды, сатушы тауарды жарнамалайды, бағасын айтады. Тәрбиеші ойыншылар арасындағы сөйлеу				

	тізбегін реттейді, бекіту сұрақтарын қояды. (қоршаған ортамен танысу) Өнер бұрышында жемістер мен көгөністерді мүсіндеу, жапсыру, суретін бояу. (шығармашылық дағдылар, сурет салу, жапсыру, мүсіндеу) Қолдың ұсақ және ірі моторикасын дамытатын ойындар. (құрастыру) Еркін ойындар.				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға балабақшаға уақытында келуді ескерту.	Ата-аналарға балалардың тазалықтарын қадағалауды ескерту.	«Айына бір рет отбасы күнін өткізу».	«Отбасы - тәрбиенің бастауы» атты тақырыпта әңгімелесу.	Жоба: «Жомарт күз» тақырыбындағы көрмені қорытындылау. Көрме нәтижелерін ата-аналармен талқылау.